



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ ПРЕЗИДЕНТ ҚАБЫЛДАУЫНДА



Президент жаңадан сайланған Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Кездесу барысында сот жүйесін дамыту мәселелері талқыланды.

Жоғарғы Сот төрағасы заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың судьяларға сенімін арттыру үшін сот жүйесін жетілдірудің концептуалды бағыттарына қатысты өз көзқарасын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігінің сапасын одан әрі жақсарту және Қазақстан халқына жолдауында сот жүйесін жаңғыртуға қатысты айтылған бастамаларды тиімді жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

АҚОРДА

САРАП

АСАНОВ БАСҚАРҒАН 5 ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

Осыдан 5 жыл бұрын Жоғарғы Сот төрағасы ауысты. Сот жүйесінің басшылығына Жақып Қажыманұлы Асанов келді. Алғашында прокуратура жүйесінен келгендіктен және ол кісіні толық білмегендіктен «Қандай адам екен? Басқару стилі қандай? Жүйелі өзгеріс енгізе ала ма?» деген сұрақтардың болғаны рас. Алайда, бірінші кездесуде-ақ жаңа төраға лидерлік, коммуникациялық қасиетімен баурап алды. Бұл баспасөз қызметінде істейтін біздерге анық байқалды.

Жаңа заманның адамы екенін ұқтық. Бюрократиямен ауырмайтынын түсіндік. Кейбір ше-неуніктер сияқты кабинетінің алдында сағаттап күттірмейді. Басшыны былай қойғанда, қосшымен де тікелей жұмыс істей біледі. Жас мамандарға жаңа кітаптар мен фильмдер тізімін ұсынды. Сондағы мақсаты – заманға сай өзгеруіміз, мықты маман болу арқылы халыққа қызмет ету. Әсіресе, алғашқы 1-1,5 жыл жұмыс өте қызу жүрді. Аптасына 2-3 рет кездесу, талқылау жиындар өтетін. Ой-пікір айтамын деген адамға мүмкіндік берілді. Соның негізінде «Сот төрелігінің 7 түйін» бағдарламасы дүниеге келді. Жобалық кеңсе құрылды. Топка бөлініп, уақытпен санаспай, жұмыс істедік. Әр аптаның соңында үлкен залда кездесіп, жоба корғадық. Кейде қызу пікірталасқа беріліп, түннің

бір уағы болғанын байқамай қалатынбыз. Алқалы жиындарымызды халық онлайн арқылы көрді. Қолға алған жұмыстарымызға қолдау білдіргендер аз болмады. Бізге қатысты мақтау, сыни пікірлер де айтылды. Өткен 5 жылға шолу жасасак, біраз мәселе шешілген екен.

Күні кеше Жақып Қажыманұлы басқа қызметке ауысуына байланысты қызметінен босатылды. Асанов мырза басқарған 5 жылда сот жүйесі алға жылжыды ма, жоқ па? Соған қысқаша жауап берейін.

1. Мысалы, қазір Жоғарғы Сот төрағасы бұрынғыдай біреуді судья қыла алмайды. Қабылданған жаңа тәртіп оған мүмкіндік бермейді. Бір сөзбен айтқанда, біліксіз, кездейсоқ заңгерлерге 2019 жылдан бастап жол жабылды.

2. Соңғы 5 жылда әр 5-судья жұмысынан босатылды, төмендетілді, не жазаға тартылды. Оның 99,2% (475 судьяның 471-і) 2018 жылға дейін тағайындалғандар. Демек, судьялар корпусы жаңарып, тазарып келеді. Проблеманы туғызып жатқан 2018 жылға дейін судья болғандар. Ал соңғы үш жылда тағайындалған судьялардың әлеуетін алдағы 3-4 жылда толық білетін боламыз.

3. Төрағалардың билігі мен тергеу органдарының судьяларға деген ықпалы азаюда. Судьялардың тәуелсіздігі күшеюде.

4. Ауыр қылмыстар бойынша ақтау үкімі 7 есе өсті. Бұрын тергеу біреуді қамайық деп келсе, соттар 5% келіспейтін. Қазір 20%. Баяғыдай бәрін соттай бермеген соң прокурорлар өздері істерді қысқартуда. 2017 жылы 65 мың адамға іс түссе, биыл – 35 мың.

5. Халқымыз: «Жол мұраты – жету, дау мұраты – біту» деп бекер айтпаған. Жоғарғы Сот төрағасынан бастап барлық соттар халықты дауласуға емес, татуласуға шақырды. Нәтижесінде, сотқа түскен арыздар 5 жылда 2,5 есе азайды: 900 мыңнан 370 мыңға дейін.

(Соңы 2-бетте)

ҮКІМЕТ

«ХАЛЫҚ НАҚТЫ ӨЗГЕРІС КҮТІП ОТЫР»



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

«Бүгін біз еліміздің 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты қорытындыны талқылап, алдағы уақытта орындалуы тиіс міндеттерді белгілейміз» деді Президент.

Мемлекет басшысы атап өткендей, биылғы жылдың 11 айы ішінде экономикадағы өсім 4,6 пайыздан 2,7 пайызға құлдыраған. Ал инфляция соңғы 14 жылда болмаған тарихи межені көрсетіп, 19,6 пайызға жетіп отыр. Өлбетте, мұндай жағдай тұрғындардың кірісі мен күнкөріс деңгейіне айтарлықтай теріс әсер етеді. Осыған орай, нақты әрекет жасау керектігін қаперге салған Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Өткен президент сайлауы азаматтардың мемлекет ұстанған бағыты қолдағанын көрсетті. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер болғанын қалайды, әрі ол бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз», – деді отырыста.

Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданғанын айтты. Соған сай «Барлық қызмет уақытылы және толық көлемде жүзеге асырылуы тиіс. Өрбір министр мен әкімнің жұмысы статистикалық есеп негізінде емес, нақты нәтижелер бойынша бағаланады».

Отырыста сөз алған Премьер-Министр қазіргі кезде Үкіметте инфляцияны төмендету және бақылауда ұстау бағытында кешенді шара қабылданып жатқанын алға тартты. Осы шаралар шеңберінде ішкі нарықтағы отандық өнімдер үлесін арттыру, өнімдерді сақтау және тасымалдау механизмдерін дамыту, жеке сауда жасаушыларды қолдау жүзеге асырылады.

АҚОРДА

ӘДЕП

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ КӘСІБИЛЕНДІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ПРОГРЕССИВТІ ҚАДАМ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ДАМУЫН АЛҒА ЖЕТКІЗГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЭТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ МАҚСАТЫН КӨЗДЕЙ ОТЫРЫП, ӘРТҮРЛІ ЗАҢДЫЛЫҚ НОРМАЛАРЫН, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСТЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ, СОНДАЙ-АҚ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАЙТЫН ҮӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫ ҚҰРДЫ.

Мәселен, АҚШ-та Мемлекеттік этика басқармасы 1978 жылдан бері жұмыс істейді, 1989 жылдан бастап ол жеке тәуелсіз агенттік мәртебесіне ие. Этика басқармасын АҚШ Президенті тағайындайтын директор басқарады.

(Соңы 5-бетте)

АСАНОВ БАСҚАРҒАН 5 ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұрын соттағы істердің 2-3% ғана татуласу болса, қазір – 40 пайызға жетіп қалды.

6. Бір жарым жыл болды, әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істеуде. Бұл жеке адам мен кәсіпкердің мемлекеттік органдармен соттасуы. Органдар бұрын

Үшіншісі – ЕҚҰҰ 3 жылға сот реформасын жүргізуге \$1 млн грант бөліп отыр. Мұның бәрі үлкен жұмыстың бір бөлігі ғана.

Жоғарғы Сот енгізген көп идеяның біріне тоқталайын. Әр облыста, әр қалада, әр ауданда сот бар. Онда 2 мыңнан астам судья жұмыс істейді. Күніне 6 мыңға жуық шешім шығарады. Адам болған соң олар да елмен араласады. Біреумен көрші, біреумен дос, біреумен құда дегендей. Оны жұрт көрмей тұрмайды. Сосын жергілікті билік бар, құқық қорғау органдары бар. Олар да судьямен таныс. Біреулер ұтылса, «анау судьяның танысы, бүйрегі соған бұрып кетті» деген өкпе аз емес.

Бүгінде «Аумақаралық соттылық» жобасы іске асуда. Айталық, Қызылордада арыз берсеңіз, оны робот елдегі мыңнан астам судьяның біреуіне бөледі. Мысалы, Оралға немесе Петропавлға. Сонда жемқорлық азаяды, төрағалар мен жергілікті биліктің ықпалы болмайды. Судьялардың жүктемесі де теңеседі. Бұл тәртіп болашақта апелляцияға да енеді.

Осылайша, Жақып Қажыманұлы бастаған судьялар корпусы реформаларды одан әрі жүзеге асыру үшін мықты база құрды. Соның нәтижесінде әділетті Қазақстанның қазығы мықтап қағылды деп сеніммен айта аламыз!

Айдос САДУАҚАСОВ,
ҚР Жоғарғы Соты баспасөз қызметінің басшысы



тет көлемінде өтетін іс-шаралар, түрлі басқосулар, мемлекеттік маңызы бар жолдаулар мен жиындарда студенттерден бөлек жалпы қала көлемінде көрермендер жиналады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Бизнес технологиялар» кафедрасында логистика мамандығы бойынша студент болғанымды және университет қабырғасында білімді, тәжірибелі,

БІЛІМДІНІҢ ЖОЛЫ АШЫҚ

1934 жылы іргетасы қаланған Қазақ Ұлттық университеті бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарының альма матеріне айналды.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған, сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін орта. Сол себепті де, ҚазҰУ-да білім алғанымды өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

Төрт жыл бұрын осындай керемет білім ордасының студенті атандым. Нағыз өмірлік достарымды осы жерден таптым. Қазақ Ұлттық университетінің инжу маржаны Ұ.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы. Бұл мәдени орталықта универси-

білікті мамандардан дәріс алғанымды мақтан етемін. Алған білімді еңбекпен ұштастырып, болашақта елімнің логистика саласының дамуына өз үлесімді қосатын боламын. «Білімдінің жолы ашық» – демекші, болашақта еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосар жастарымыз көп болып, дәріс берген оқытушылардың еңбектерін ақтай білсе, білім саласындағы жаңғыру жаһанданумен ұштасса игілікті іс болары сөзсіз...

Дастан ТӨЛЕПБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және бизнес
жоғары мектебі
«Бизнес технологиялар»
кафедрасының «Логистика»
мамандығының 4 курс студенті
Жетекшілері аға оқытушылар
Р.МАЛИКОВА,
Ш.АБДИКУЛ

КӨКЕЙКЕСТІ

ТӘЛІМ АЛУДЫҢ ТАМЫРЫ АЩЫ, ЖЕМІСІ ТӘТТІ

Білім – ақ пен қараны ажырату арқылы, адам баласының көзін ақиқатқа ашатын, адам руханиятын байытып, көңіл көкжиегін кеңейтетін, қараңғы түннен жарыққа алып шығар іс болып табылады. Жаһандану кезінде бәсекеге қабілетті болу және белгілі бір жетістікке жету білімді қажет етеді. Сондықтан үйренуге деген ынта-жігер, ықылас-ниет, білімге деген құштарлық әрбір азаматтың бойынан ойып тұрып орын алуы тиіс. Дініміз исламның да адамзат баласына қоятын ең басты талабының бірі – іздену, білім алу.

Дініміз білімге үлкен мән береді. Тіпті, сан түрлі салалардан мол білімі бар адам өзін қателіктен қорғап қана қоймай, басқаларға да ескертуге қабілетті болады. Сондықтан, бүгінде мұсылман адам бұрынғылардан да білімді, сауатты, терең ойлап, ақиқатына бойлай алатын болуы керек. Өйткені, бүгінде ислам атын жамылып орын алған түрлі теріс пиғылды әрекеттердің кесірі мұсылман бейнесін көбінесе надандықпен, қатыгездікпен байланыстырып жатады, әрине, шын мәнісінде бұл ешбір шындыққа сәйкес келмейді. Себебі, қай кезде де үлгі алатын, білімге құштарлығына қарап қызғанышпен қарайтын адамдар болған. Бұған мысалы, Ибн Сина, Әл-Бируни, Имам әл-Ғазали, Шейх Зәкәрия, Әл-Ансари, Имам Әбу Ханифа және тағы басқа ғалымдардың есімдері дүние жүзіне белгілі.

Еуропа елдерінде Авиценна деген атпен белгілі Ибн Сина ортағасырлық ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Ол көптеген шығарма жазды, оның екі жүзден астамы күні бүгінге дейін сақталған. Ибн Сина көптеген салада, әсіресе жаратылыстану ғылымында, сондай-ақ, медицинада терең білімге ие болды. Ол алғаш рет оба, тырысқақ ауруын, менингит, қант диабеті, асқазан жарасы сияқты аурулардың себебі мен емделу жолын сипаттаған.

Ал Әл-Бируни ғылымның әртүрлі саласында, физика, химия, география, математика, астрономияда көптеген жаңалық ашқандықтан энциклопедист ғалым деп аталды. Ол хорезм, араб, грек, еврей, парсы және санскрит тілдерін білген. Оның белгілі еңбегі «Үндістан», бұл еңбекте осы елдің тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары қамтылған.

Имам Әбу Ханифа терең білімімен ғана емес, тамаша мінезімен де танымал болды. Танымал төрт мазһабтың бірінің негізін қалаған, мужтаһид дәрежесіне жеткен ғалым. Көзі тірісінде асқан білімдарлығы үшін «Имам Ағзам» деген атты иеленді. Өзінің телегей-теңіз ілімімен миллиондаған мұсылманның Хақ жолмен қауышуына ықпал етті. Осы арқылы біз Имам Әбу Ханифаның теология ғылымы саласында қосқан мол үлесін көре аламыз.

Бүгінде заманауи адамның білім алуына еш кедергі жоқ. Ал қажетті нәрселерді үйренуге ерқашан үлгеремін, әлі жасын, бәрі алда» дейтін адам қателеседі. Сондықтан біз қазіргі, бүгінгі уақытты ұтымды пайдалануға тырысуымыз керек.

Мына бір хадистерден ақ терең ой түйуге болады деп ойлаймын. «Бір сағат ілім үйрену, түннен таңға дейін ғибадат етуден құндырақ. Бір күн ілім үйрену, үш ай ораза ұстаудан құндырақ» (Әбу Нуайм). «Ешкім сауатсыздығымен құрметті, ал ілімімен маскара болмайды» (Аскери).

Ертеде ата-аналар балаларын елге сыйлы, білімді кісілердің тәліміне беретін. Қытай мақалында: «Бір ақылды адаммен сөйлесу бір айлық кітап оқуға тұрарлық» дейді. Конфуций білімнің үш жолы бар екенін айтты: «Ой қозғау жолы – ең асылы, еліктеу жолы – ең оңайы, тәжірибе жолы – ең ашығы».

Иә, бүгінде шындық қайсы, өтірік қайсы екенін түсінуге қиын. Дәл біреудің қолындағы қуыршаққа айналмау, біреудің өтірік, нанымды нұсқауымен жаңылысып қалмау үшін біз оқуға, шындықты білуге тиіспіз. Әсіресе, жастар уақытты босқа өткізбей, уақытты білім алуға жұмсауды үйренуі керек. Уақыт – өмірдегі ешқашан кері қайтарылмайтын жалғыз нәрсе.

Н.ЖЕТПІСБАЙ,

Алматы қаласы Дін істері басқармасы жанындағы
«Кенес беру және оңалту» орталығының дінтанушы маманы

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Абзал ҚҰСПАН, адвокат:

– Жақып Қажыманұлының Жоғарғы Сот төрағасы ретіндегі жұмысы адвокаттарға оң қабақ танытуымен есте қалды. Нақты бір қырын атап өтер болсам, 2018 жылы бұл кісі осы қызметке келген сәтінен бастап ең алғашқы болып сол кездегі ҚР Адвокаттар алқасының төрағасы Әнуар Түгелге хабарласып, Қазақстандағы ең мықты 10 адвокатпен кездесуім керек деген ұсынысын айтқан. Соған орай Оралдан арнайы келгем. Сол кезде Әнуар Құрманбайұлы «Асанов Жоғарғы Сот төрағалығына келе сала адвокаттармен кездесем деп ниет білдірген алғашқы төраға» деп айтты. Осы кездесуде төраға өзінің жоспарымен бөлісті. Адвокаттарға деген көзқарасын білдіріп, Жоғарғы Сот жұмысын жандандыруға белсене қатысыңыздар деген өтінішін айтты. Біз де сот қызметіне қатысты өз пікірімізді айттық. Мен онда екі сыни пікірімді білдірдім. Біріншісі, тіл мәселесі. Екіншісі, облыстық соттардағы «кураторлық».

Басқа өңірлерді білмеймін. Батыс Қазақстан облысының аудандық және қалалық соттарының қызметіне облыстық сотта бір-бір «куратор» жетекшілік етіп отырады. Ол заңда жоқ, әрбір судья тәуелсіз. Бірақ облыстық және Жоғарғы Сотта іс бұзылып кетпеу үшін аудандық соттардың бәрі бір бағытта жүруін қадағалау мақсатында облыстық соттың деңгейінде әр судья бірнеше ауданды көтеріп жазып келді. Іс құжаттары орысша бір жолға қойылған болса, қазақ тілінде дұрыс жолға қойылмаған болатын. Оны бірізге түсіріп, бекітіп, жинақ етіп шығарды. Жақып Асанов келе сала бұл істі қолға алып, қазақ тіліне байланысты жұмыс тобына мені де қосқан болатын. Яғни, адвокаттарға жақындығы демократтығы деген сөз. Өйткені, адвокаттарда билік жоқ ешқандай. Ол қоғамдық бірлестік формасында ғана қызмет ететін ұйым. Бұрынғы сот төрағалары прокуратурамен жақсы болатын да, іс жүзінде бүкіл шешімдерді бірлесіп істейтін. Сондықтан шешімдер бұзылмай, айыптау бағытында ғана шығатын. Ал бұл кісінің тұсында қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдері көп шықты.



Құнанбай МҰСАЕВ,
Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:

– Егер сөзімді қысқаша тұжырымдайтын болсам, бұл кісі идеясы көп адам болды. Оның айтқандарының бәрін жүзеге асыруға судьялар да, қоғам да дайын болған жоқ. Сондықтан ауыз толтырып айтатын жетістігімен қатар, әттеген-ай дейтін тұстары да бар.

Егер жетістігіне тоқталар болсақ Жақып Қажыманұлы Жоғарғы Соттағы төрағалығы кезінде ең алдымен сот жұмысының ашықтығын жүзеге асырды. Қарапайым азаматтарға барынша қолайлы жағдай туғызды. Одан кейін судьялар белсенділігін әкімшілік сотпен бекітті. Дауласушы тараптардың сотсыз бітімгершілікке келу жолдарын ашты.

Енді әттеген-ай дейтін жеріне келсек, ауылдық жердегі судьялардың еңбекақысын төмендеткені болды. Ал Конституцияға сәйкес сот билігіндегі судьялардың мәртебесі тең. Олардың



қызметі қалада да, ауылда да бірдей. Конституцияның сақталуын, заңның бұзылмауын қамтамасыз ету. Осыған қарамастан қала мен ауылда тұратын судьялар еңбекақысының әртүрлі болуы көңілге күдік ұялатады. Мұндай алалаушылықтан судьялардың кадрлық резерві толтырылмады. Ауылдық жерлердегі соттарда әлі күнге дейін кадр тұрақсыздығы, біліктілігі жоғары мамандардың тапшылығы шешілмей келе жатыр.

МӘСЕЛЕ

САҚТАНДЫРУ: ЖОЛ АПАТЫНЫҢ ШЫҒЫНЫН ЖАБА МА?

Елімізде автокөлік жүргізушілерінің 95 пайызы өз жауапкершілігін және 5 пайызы көлігін сақтандырған. Статистика жол-көлік оқиғасы көлік иесіне орташа есеппен 870 мың теңге шығын келтіретінін көрсетіп отыр. Міндетті сақтандыру бұл шығынның бір бөлігін ғана, яғни 590 мың теңгені ғана өтейді. 280 мың теңге айырмашылық зардап шеккен объектіге келтірілген залалды есептеу кезінде сақтандырушылардың амортизациялық аударымды пайдалануынан туындап отыр.

Қазақстанда жыл сайын 100 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алып, 200 мың автокөлік жүргізушісі жол апатына ұшырайды. Бұл елдегі жалпы автопарктің 5 пайызға жуығы. Жыл ішінде жол апатына кінәлі не кінәлі еместігіне қарамастан әрбір жиырмамыншы көлік жүргізушісі жол-көлік оқиғасына тап болады. Апатпен бетпе-бет келген 200 мың жүргізушінің 98 мыңы ғана 60 миллиард теңге көлемінде сақтандыру өтемақысын алады. Қалған 102 мың автокөлік жүргізушісі сақтандыру төлемі болмағандықтан, автокөлігін өз қаражаты есебінен қалпына келтіреді. Өйткені АҚЖМС (көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру) зардап шеккен тарапқа ғана келтірілген залалды өтейді, ал көптеген автокөлік иелерінде, ол жоқ.

— Жүргізушілердің көліктерін қалпына келтіруге жұмсайтын сомасы жылына 115 млрд теңгеге жетеді. Ал жол-көлік оқиғасы кезінде көлік жүргізушілеріне келтірілген жалпы шығын 175 млрд теңгеден асады. Бұл сақтандырушылардан түскен сомадан 3 есе көп, — дейді Freedom Insurance сақтандыру компаниясының басшысы Азамат Керімбаев. Оның сөзіне қарағанда, сақтандыру төлемін алу кезінде көлік жүргізушілерінің наразылығын тудыратын бірнеше себеп бар. Жүргізушілер көбінесе қызмет көрсету (өтемақы сомасының жеткіліктілігі) және төлем мерзіміне қатысты наразылық танытады. **Сақтандыру компанияларының мәліметі бойынша сақтандыру төлемін алудың орташа уақыты 90 күнді құрайды. Апат болған күннен бастап төлемді алған күнге дейін 90 күн өтеді. Осы уақыт ішінде автокөлік жүргізушісі автокөлікті басқара алмайды (бағалау процесінің ерекшеліктеріне байланысты) немесе қаржылық ауыртпалықты өз бетімен көтереді және сақтандыру компаниясынан төлем күтпей-ақ, автокөлікті қалпына келтіреді. Бұл ретте автокөлікті жөндеу сомасы сақтандыру өтемақысына сәйкес келмеуі мүмкін, содан кейін автокөлік жүргізушісі де сақтандыру компаниясын сотқа беруге мәжбүр болады.** Сақтандыру оқиғасы бойынша құжаттарды қараудың қолданыстағы тәртібі мен шарттары клиенттің пайдасына шешіле бермейді. Төлемдерді өтеудің бұл тәртібі бүгінгі күнге дейін болған залалды бағалау әдістері мен технологияларының даму деңгейімен анықталады. Сақтандыру компаниялары оны заңды немесе экономикалық себеп бойынша өзгерте алмайды. Өйткені, алаяқтық тәуекелімен, жазатайым оқиғаны жасағандардың қулық әрекеті және т.б. байланысты өтемақы туралы негізсіз талаптан қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Осы арада тұтынушылардың мәселелерін шешу жолдары бар ма деген сұрақ еріксіз туындайды. Жалпы, сақтандыру жағдайын реттеу процесі — сақтандыру компаниясы көрсететін

жалғыз қызмет. Сақтандыру бизнесінің негізгі принциптерінің бірі — сақтандыру жағдайының болғанын дәлелдеу. Бұл — сақтанушының, яғни клиенттің жауапкершілігі. Бүгінгі күні классикалық сақтандырушылардың барлығы дерлік осы қағида бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл көлік иелерінің сақтандыру компанияларына хабарласқысы келмейтініне, АҚЖМС-ты пайдасыз қағаз деп санайтынына және бұл жүйеге сенбеуіне әкеледі.

«Бүгінде Қазақстанда бизнеске, соның ішінде қаржы институттарына клиент туралы сенімді және толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін GovTech тарихы енгізілді. Осылайша, бизнес көптеген процестерді жылдамдатып, пайдаланушылардың өмірін жеңілдетеді. Біз өз клиенттерімізді қағазбастылықтан арылтуды және ең бастысы, оларды бізге бір нәрсені дәлелдеу міндетінен босатуды шештік. Freedom Insurance компаниясының DTP.kz сақтандыру төлемдерін алудың цифрлық сервисі арқылы клиент үшін барлығын өзіміз жасаймыз. Сақтандыру жағдайына өтініш беру, залалды бағалау және сақтандыру төлемдерін алу процесі онлайн форматқа көшірілді. Қазір орташа есеппен 90 күнді (сақтандыру инспекторын шақыру, органдарға бару, қағаз құжаттарды қабылдау және т.б.) қажет ететін бұл қызметті біздің сервисі пайдалану арқылы бар болғаны бір күнде жасауға болады. Бұл ретте ешқайда барудың және артық әрекеттер жасаудың қажеті жоқ. Бұл өнім GovTech және 12 мемлекеттік деректер базасымен интеграция арқасында мүмкін болды», — дейді Азамат Керімбаев.

Қазіргі таңда сақтандыру өтемінің негізгі проблемасы зиянның мөлшерін анықтау процесі болып табылады. Ал мұндағы себеп — адам факторы. Объективті себептерге байланысты реттеуші (зиянды есептейтін маман) клиенттің мүддесі үшін де, сақтандыру компаниясының мүддесі үшін де дәйекті дұрыс есептеуді қамтамасыз ете алмайды. Ал клиент көбіне өзіне қажет болғаннан көбірек алуға ұмтылады. Бұл сонымен қатар кейбір процестердің операциялық тиімсіздігіне байланысты. Мұның бәрі бітімгершілік процеске қатысушылар арасында дау туғызады. Бұл мәселені Freedom Insurance сақтандыру компаниясы шешуде: биылғы жаздан бастап олар компьютерлік көру саласында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу тобының міндеті — фотосуреттердегі автокөліктердің зақымдалуын анықтауды компьютерге үйрету. Сарапшылар тобы келесі жылы DTP.kz сервисі апатқа қатысушыларға келтірілген шығын көлемін автоматты түрде анықтай алу үшін жұмыс жасауда. Бұл нарықтағы өлшемдерді қабылдау процесін жылдамдатады. Сонымен қатар, адам факторын жойып, бағалау тиімділігін арттырады және қажетсіз бизнес-процестерді азайтады. Ол тұтынушының тұтынушылық тәжірибесін де жақсартады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Зан газеті»



ӘЛЕУМЕТ

Елімізде жыл сайын 40 мыңнан аса адам инсульт алып, оның 5 мыңға жуығы инсульттан кейінгі алғашқы он күнде ажал құшады екен. Мамандар әсіресе, ковид індетінен кейін елімізде инсультке шалдығушылар саны айтарлықтай артқанын айтуда. Ал медицина науқастарды емдеуге пәрменді ме?

НАУҚАСТЫҢ АЙЫҒЫП КЕТКЕНІ — ҮЛКЕН ЖЕҢІС

Осы орайда елімізде екі жыл бұрын ашылған «Аруана» оңалту орталығын дер кезінде құрылған медициналық орталық деп айта аламыз. Өйткені, инфаркт, инсульттан кейін адам қалыпты өмірге оралуы үшін дер кезінде оңалту шаралары қолға алынып, науқасқа тиісті көмек көрсетілуі тиіс. Еліміздің денсаулық сақтау жүйесі де осы өзгерістерге дер кезінде бейімделіп, МӘМС арқылы медициналық реабилитацияға бөлінетін қаржы көлемі соңғы бірнеше жыл ішінде 13 есеге артып отыр.

Мысал келтірер болсақ, 2019 жылы оңалту қызметіне бар-жоғы 600 млн теңге жұмсалған болса, 2022 жылы Алматыдағы реабилитациялық қызметтерге 7,5 млрд теңге қарастырылған екен. Ауыз толтырып айтарлықтай қаржы қазір науқастардың игілігі үшін жұмсалуда. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, биылғы жылдың 10 айында Алматы қаласының өзінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен 700 мыңға жуық медициналық оңалту қызметі көрсетілген. Оған Медициналық сақтандыру қоры тарапынан 5,8 млрд теңге жұмсалыпты. Атап өтер жайт, науқастар өз аймағындағы оңалту орталықтарына көңілі толмаса МӘМС жүйесі арқылы мемлекеттік емханалар мен ауруханаларда ғана емес, көңілі қалаған қаласындағы жекеменшік клиникаларда, реабилитациялық және спорттық-оңалту кешендері мен шипажайларда да тегін ем алады. Бүгінгі күні Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі науқастарды оңалту мен олардың денсаулығын қалпына кел-



тіруге бағытталған ем-шаралардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Жүйенің басты көздегені де осы екенін ескерсек, бүгінгі күні аталмыш жүйе бастапқы мақсатына жетіп отыр деп айта аламыз. Бүгінгі күні медициналық сақтандыру қорынан әр науқастың 1 курстық еміне 240 мың теңге қаржы жұмсалуда.

Осы орайда өткен аптада Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының Алматы филиалының директоры

МАМАН ПІКІРІ

Тілеухан ӘБІЛДАЕВ,

МСҚ Алматы филиалының директоры:

— Бүгінгі таңда науқастың денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін реабилитацияның маңызы артып отыр. Мұны міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылығының бірі деуге болады. Жүрек-қан тамырлары және басқа да нейрохирургиялық, неврологиялық ауруларға шалдыққан жандар оңалтуға зәру. Мұндай науқастардың күтіп, бағу туыстарына да оңай емес. Сондықтан да Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры барлық профилдер, соның ішінде оңалту қызметі бойынша жаңа клиникаларды жұмысқа тартумен тұрақты түрде айналысып келеді. Бұл емдеу мекемелеріндегі кезекті азайтып, науқастардың медициналық көмекті пайдалану құқығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Биыл Алматы қаласында 75 медицина ұйымы реабилитация профилі бойынша қызмет көрсетіп жатыр. Он ай ішінде оңтүстік астанада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен 700 мыңға жуық медициналық оңалту қызметі көрсетілді. Оған Медициналық сақтандыру қоры тарапынан 5,8 млрд теңге төленді. Олардың бәрі қормен келісімшарт бекіткен. Науқас реабилитациядан өтетін клиниканы өз бетінше таңдай алады. Оңалту орталықтары көбейген сайын бәсекелестік те, сапа да жоғарылайды. Олардың нақты тізімімен қордың fms.kz сайты арқылы танысуға болады. Жолдама аурухананың немесе емхананың мультидисциплинарлық командасының қорытындысы негізінде беріледі. Болашақта халыққа қызмет көрсететін медициналық қызмет түрін көбейту, оның ішінде реабилитация саласының сапасын көтеру, қолжетімділігін арттыру, халықтың таңдау құқығын қамтамасыз ету бағытында жұмысымызды күшейте түсеміз.

Шынар МӘЛІКҚЫЗЫ,

«Аруана» оңалту орталығының директоры:

— Соңғы жылдардағы ковидтің салдарынан жүрек-қан тамырлары аурулары көбейіп кетті. Бірақ бір нәрсе анық, дер кезінде кәсіби білікті маманнан ем алып, оңалтудан өткен науқастың 100 пайыз жазылып кетуіне мүмкіндігі зор. Біздің орталық науқастардың санына емес, сапасына жұмыс істейді. Бізге келген әрбір науқастың қалыпты өмірге оралуына барымызды саламыз. «Аруана» орталығына нейрохирургия, неврология, кардиология, кардиохирургия, ортопедия, травматология секілді алты бағыт бойынша науқастарды қабылдаймыз. Қаладағы ауруханалармен тығыз байланыстамыз. Тіпті, республиканың басқа да өңірлерінен келіп ем алатындар бар. Өйткені, науқастың айығып кеткені өзі үшін де, дәрігерлер үшін де үлкен жеңіс. «Аруана» әлеуметтік бағыт ұстанады. Мұнда пациенттерге реабилитациялық көмек ақылы түрде көрсетілмейді. «Инсульт алғаннан кейінгі бастапқы үш айдың берер мүмкіндігі мол. Егер ем дұрыс болса, осы уақыт ішінде пациенттің өмірін сақтап қана қоймай, ағзаның қызметі бұзылған біршама функциясын қалпына келтіруге болады. Бізде мұндай пациенттерге білікті психологтар, логопедтер, физиотерапевтер, емдік-шынығу нұсқаушылары және тағы да басқа мамандар қызмет көрсетеді.

Пациенттер орталықта орта есеппен 10 күн емделеді және күн сайын денсаулықты қалпына келтіретін ем-шараларды үздіксіз алып отырады. Атап айтқанда, массаж, физиотерапия, кинезиотерапия сеанстарынан өтіп, логопед, емдік шынықтыру мамандарымен жұмыс істейді. Жаттығу залы түрлі заманауи қондырғылармен жабдықталған.

Сонымен қатар, мұнда пациенттердің туыстары сырқатқа шалдыққан адамды дұрыс күтіп-баптау сырларын да үйрене алады.

Тілеухан Әбілдаев БАҚ өкілдерімен бірге Алматы қаласы бойынша реабилитациялық қызметтер көрсететін мекемелердің бірі — «Аруана» оңалту орталығына арнайы атбасын бұрып, науқастардың жай-күйін біліп, медициналық мекеменің тыныс-тіршілігін көріп қайтты.

Шынар Мәлікқызы басшылық ететін «Аруана» орталығында бүгінде

71 маман қызмет етеді. Олардың барлығының дерлік жоғары медициналық білімі бар. Тіпті массаж жасаушылар мен жаттықтырушылардың өзі жоғары білімді дәрігер. Сондай-ақ, мұнда өте білікті логопедтер жұмыс істейді. Орталықтың жаттығу залы заманауи құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ, орталықта науқасқа алғашқы көмек көрсететін реанимациялық база да бар. Дәрігердің айтуынша, инсульт бірнеше рет қайталануы мүмкін қауіпті ауру болғандықтан, орталықтағы дәрігерлер науқасқа алғашқы көмек көрсетуге әрдайым дайын болуы керек. Соңғы екі жылға жуық уақыт ішінде «Аруана» медициналық орталығы 2600 науқасты аяғынан тік тұрғызып, қалыпты өмірге оралуына көмектескен.

Бүгінде орталықта ем алып жатқан науқастар өздеріне көрсетіліп жатқан оңалту қызметтеріне дан риза екендерін жарыса айтты. Солардың бірі Ғалия МҰРАТҚЫЗЫ: «Осымен инсультті екінші рет алып тұрмын. Ең алғаш 2011 жылы инсульт алдым. Жазылып кеттім деп, дәрігерді уақытылы қабылдауды қойған кезімде 2021 жылы көктемде тағы инсульт кайталанды. Ауруханадан шыққан бетте «Аруана» орталығына келдім. Бұл жерге келгенде бетім қисайған, қол-аяғым ұйып, мүлде істемей қалған еді. Қазір тағайындаған мүгедектікті алып тастасын дейтін дәрежеге жеттім. Өйткені, мамандығым ұстаз. 32 жылдық еңбек өтілім бар. Әлі де болса мамандығым бойынша жұмыс істегім келеді. Алғашында икемге келмейтін саусақтарым қазір тіпті жазу да жаза алады. Орталықтағы әрбір маман, дәрігердің жүзінен мейірім төгіліп тұрады. Жаттықтырушы балалар, медбикелер, дәрігерлер мен логопедтер жазылған жанында жүреді. Кейде орнынан тұрғың келмей жатса да талап етіп тұрғызып, қажетті медициналық шараларды жасайды. Осындай кезде мен де біреуге керек екенім ғой деп жүрегің тебіреніп, өмірге деген құлшынысың артады. Бұл мамандар кез келген науқасты оңалтады деп сеніммен айта аламын. Жүрген жерімде «Аруана» орталығы туралы үнемі айтып жүремін. Орталыққа үшінші рет келіп емімді жалғастырып жатырмын» деп ризашылығын білдірді.

Негізгі аталмыш орталықта бір мезгілде 85 науқас ем алады. Жыл бойына орынның босамауы мұндағы қызметке көпшіліктің көңілі толып, дәрігерлерге деген сенімнің жоғары болуымен байланысты. Демек, науқастардың көңілінен шығып отырған оңалту орталығы барлық талапқа сай!

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Зан газеті»

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЖАЗА ТҮРЛЕРІ

Көне дәуірлерден бастау алған жаза түрлерін сөз еткенде, қазақтың төл жазалау түрлеріне тоқталмай өтуге болмайды. Қазақ даласында да жазаның небір түрі болған. Бұл жазалар әдет заңына қарай қолданылған. Кісінің ұрлығы, тентектігі, кіне, күнәлары үшін қолданылатын шара.

Билер кеңесінің немесе бидің өзінің кесімімен жазаға ұшыраған адамға дүре соғылады, қара есекке теріс мінгізіліп, ел аралатады. Өзіне қол салғандар мәйіті қорымнан жүз қадам жерге бөлек қойылады, оларға намаз шығарылмайды. Егер жаза алған әйел болса, бетіне күйе жағылады («қара бет болды» деген сөз тіркесі осыдан шыққан).

XV-XVII ғасырларда қазақтың жаза түрлері мынаған саяды: а) ру аумағынан қудалау; ә) кінәліні жәбірленушінің туыстарына беру; б) адамның жеке басына қарсы жасалған қылмыстар мүліктік қылмыстар үшін айыппұл тағайындау; в) денеге ауыр жарақат салғаны үшін, кісі өлтіргені үшін күн тағайындау; г) өлім жазасы өте сирек қолданылды; ғ) әке-шешесін сыйламаған, құрметтемеген балаларға және антты бұзғандарға тән жазасы мен моральдық тұрғыда ел алдында маскаралау жазалары қолданылған.

Қазақтың түрлі жазалау әдістері де көпшілікке танымал. Мәселен, олардың қатарына: 1) бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз ілу; 2) қолын артына байлап, қара есекке немесе сиырға теріс мінгізу; 3) ат құйрығына байлап өлтіру; 4) әйелдің шашын кесіп, талақ ету; 5) мал-мүлін талауға салу; 6) үйін ауылдан бөлек тігу; мал сияқты көгендеп қою; 7) тас атып өлтіру, бетке түкіру, т.б. жатады. Енді осылардың кейбіріне толығырақ тоқталып өтсек дейміз.

ДҮРЕ СОҒУ. Жазаның ең ауыр әрі маскаралау түрі. Көбінесе кінәлінің құйрығын жалаңаштап түріп қойып, жазасына қарай 25, 50, 75, 100 қамшы дүре соғылады, яғни ұрады. Дүре үстінде өліп кеткендерге құн төленбейді. Мұндай ауыр жаза ұрыларға, опасыздарға, ауыр қылмыскерлерге, қолға түскен барымташыларға, өшті-қасты адамдарға берілген. Дүре ел алдында соғылады және оның әлеуметтік, тәрбиелік, заңдық та атқаратын қызметтері бар. Мұндай жазаны көрген адамдар қылмысқа көп бара бермейтіні кәдік.

БЕТКЕ ТҮКІРУ. Бұл – ұрмай-соқпай, балағаттамай қылмысы үшін қорлаудың немесе маскаралаудың бір жолы. Кейде әлі келмеген, есе қайтара алмаған, амалы құрып, зығырданы қайнаған адамдар да өздерін жәбірлеген адамның бетіне түкіреді. Бұл да көпшілік алдында болатын жазалау түрі. «Қыз Жібек» кино фильмінде Бекежанды найзаға салып, тізе бүктіріп, ел-жұрт оның бетіне түкіретін эпизод бар.

БЕТ СЫЗУ ЖАЗАСЫ. Ертедегі қазақ даласында әдеттен тыс тәртіп бұзған әйелдердің бетін тіліп қоятын катал заң болған. Әлеуметтік желілерде

қазақтың өте сирек қолданатын жазалары туралы сөз етіліп тұрады. Солардың бірсыпырасы мынаған саяды. (Бұл материалдар әлеуметтік парақшалардан алынғанын ескерте кетсек дейміз):

ҚАСҚА ЖАЗАСЫ. Бұл жазаға ұшыраған адамға өшпес таңба салынып, елден қуылады. «Мұны естіген Бабас қайғыдан қатты күйіп, қаһарға қатты мінген екен. Қабақтың шашын ұстарамен қырыпты. Содан соң құйқасын маңдайынан желкесіне дейін, оң самайынан сол самайына дейін тіледі. Басына жарғақ тымқ, үстіне айналдырған тон кигізіп қолына таяқ ұстатады. «Енді қайда барсаң онда бар, сендей арам ағайыннан адал арым артық» деп, теріс батасын беріп, ата қоныстан аластап шығарған екен. Ол заманда қарғыстың ауыры теріс бата, жазаның үлкені қасқа етіп әйгілеп, елден қуып қаңғыртып жіберу болыпты ғой» (Б. Момышұлы, «Ұшқан ұя»). Мұндай ауыр жазаға ұшырағандарға жұрт қараң батсын, келмеске кет деп қарғыс айтып, артынан топырақ шашқан.

МЫҒАУ ЖАЗАСЫ. Ол опасыздарға, сатқындарға қолданылған. Жазаға ұшыраған адамның аяқ-қолын байлап, ағашқа (керегеге) таңған, ал соғыс кезінде найза астына керген. Барлық жиылған жұрт оның бетіне түкіріп, лағнет айтып, қарғыс жаудырған. Қарттар теріс батасын беріп, ел-жұрт оны адам қатарына қоспай, қаңғыртып жіберген. Олардың отбасы болмаған. Көбінде олар жасырынып, аты-жөнін жасырып, шын атын айма алмаған, олар көз көрмес, құлақ естімес жаққа кетіп қалуға тырысқан. Туған-туыстары да іздемеген.

БӘЖІ БАСУ ЖАЗАСЫ. Қызған темірді адамның майқұйрығына басқан. Ол қылмыскердің ар-ұятына басылған өлмес, өшпес таңба. Бәжі басу дегеніміз сол. Ел арасында мұндай оқиғалар өте сирек ұшырасқан. Сондықтан, оны ел ауыздан ауызға таратып, әңгіме ететін болған. Ол қылмыскердің ұрпақтарына да зор таңба. Бар туысының арасында айтылып, күлкі етеді.

Арқада Тұрлыбай деген беделді кісі бір әдепсізді тәртіпке шақырса, ол оның өзіне тиіспіті. Сонда Тұрлыбай: «Шырағым, мен сені қарауыз дедім бе, нанжарым құйрығына бәжі басылған дедім бе, байдың тоқалы тепкен дедім бе?» деп әлгінің бүкіл «атақ-абыройын» жіпке тізіп, өзін ұятқа қалдырған екен. Мұны естіп тұрған би тәртіпсізге 20 дүре қамшы соғуды бұйырыпты. Дүре соғайын деп оның шалбарын шешкенде оның құйрығына шынымен де таңба басылғаны белгілі болады.



КЕРЕГЕГЕ КЕРУ ЖАЗАСЫ. «Арсыз адам арсандап арсылдайды, Әр жерде керегеге таңылса да» деп жырлаған екен хакім Абай. Керегеге керу – тәртіптік әрі құқықтық жазаның бірі. Ол өліммен тең жаза. Ұрлық, зина жасағандар, елдің шыркын бұзған адамдар билер мен ақсақалдардың шешімімен іздеушілер келгенше киіз үйдің керегесіне таңылады. Аяқ қолын керегеге керіп байлап қояды. Бірнеше күнге дейін ас-ауқат та берілмейді. Олар ақталмайды және ауыр жазаланады. Оның ұяты сосын оның бүкіл туыс-туғаны, жақынына, тіпті, рулас ағайындарына да келеді. Сондықтан олар да туысының бетіне түкіріп, елден аластайды. Кейде оларды жерге төрт қазық қағып, аяқ-қолынан керіп байлап тастайды. Оны қазыққа керу деп атайды.

КӨГЕНГЕ ТҮСУ ЖАЗАСЫ. Қолға түскен ұрылар мен барымташыларды жазалаудың бір түрі – көгенге түсу. Оның қолын артына қайыра байлап, оларды кәдімгі қойды көгендегендей етіп ұстау. Көгенге түскендер қара таңба басылғандай күлкіге ұшырап, ар-ұятынан айырылған қадірсіз адам есебінде болады. Өле өлгенше көгенге түскен аты ұмытылмай, еңсесін тіктей алмай, төменшіктеп жүреді.

ШОШАЙ ЖАЗАСЫ. Отанын, дінін сатқандарға, құдайға, пайғамбарға, аруаққа тіл тигізгендерге, аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға ауыр жаза түрін қолданған. Оның аты – шошай. Ондай адамды дінбасылар мен ақсақалдар қауымы шақырып алып, қылмыс жасаған-жасамағанына көз жеткізеді. Егер онысы дәлелденсе, оны елдің алдында айып салып елден қуады немесе шошай етеді. Яғни, үйін ауылдан жарты шақырым аулаққа апарып бөлек тігеді. Ол үйдің малын да, адамын да ауыл адамдарымен араластырмайды. Ол отауды – шошай үй, оның иесін – шошай қазақ деген. Оларды ешкім қонаққа, тойға, қуанышқа шақырмайды, құрмет көрсетпейді. Бұл материалдық емес, рухани жазалау. Адам ешкіммен араласпай, масараға ұшыраған соң өзі-ақ күйзеліп, қылмысының қаншалықты ауыр болғанын түсінеді, қателігіне өкінеді.

ШАҢ БАСТЫ ЖАЗАСЫ. Меншікті жердің өз бақылаушы күзетшілері болған. Оған рұқсатсыз ешкім аяқ баспаған. Алыстан көрінген жолаушылар болса жол бойындағы ауылдарға соқпай, елдің жаналықтарын айтып, әңгіме шертпеспей өтпеген. Бұл тәртіпті

ТАРАЗЫ



бұзған адамдар ұры, қарақшы, күдікті адам саналған. Мұндай жағдайда ел, ауыл басқарушылары оларды ұстап алып, тергеп-тексеріп, айып салған. Мұндай заңды елімізде шаң басты жазасы дейді. Ел маңынан шандатып өту де әдепсіздік саналған.

ДІНИ ЖАЗАЛАР. Ежелгі қазақ жеріне ислам діні тек таза дінді уағыздап қана қоймай, ұлттық әдет құқығы қатарына діни шариат сықылды қазылық институтты да енгізгені белгілі. Үкім, шешім шығарарда шешендік өнерге сүйенген қазылар даугерлер жағы қисынға тоқтайтын уәжді дәлелдемелер келтіріп, әдемі тілмен әспеттеген.

Ірілі-уақты қылмыс жасаған адам мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құраннан бастау алатын шариат заңы бойынша жауапқа тартылды. Ел ішіндегі қылмысты істерді шариат, дін мәселелері тұрғысынан шешім шығару құқығын қазылар атқарған. Соңғылары өз шешімінің негізіне қасиетті Құран кітабын және Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) хадистерін басшылыққа алған. Мәселен, «Құран Кәрімнің» «Ниса» сүресінде мұрагерлік, қылмыс туралы, «Мәида» сүресінде ұрлық, өтірік, «Талак» сүресінде ерлі-зайыптылық, неке ережелері (заңдары) анық айтылған. Мұндай құқықтық, шариғат заңдары басқа сүрелерде де кең орын алған.

«Шариат заңы бойынша («шариат») араб сөзі, мағынасы – заң, кодекс, мұсылмандардың «Құранға» негізделген заңы) құқық бұзушылық 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ – Алла құқығына қол сұғушылық, ол нақты хадд (шек) түрімен жазаланады. Екінші топ – жеке адамдардың құқығына қол сұғушылар, қысастық жасаушылар. Олар қауад не дийа түрімен жазаланады. Үшінші топқа жататындар – қалған қатаң жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер, ол тәзірмен жазаланады», – дейді өзінің зерттеу еңбегінде белгілі арабтанушы ғалым Нұралы Өсеров.

Ғалым хадд тобына 7 түрлі аса қауіпті (қоғамды ыдырататын) қылмыстарды жатқызады. Олар: жезекшелік, арақ-шарап ішушілік, ұрлық, тонаушылық, дәлелденбеген (жалған) өтірік, жалақорлық, діннен безу және өкіметке қарсы көтеріліс жасау. Екінші топқа қысастық қылмыстар жатады. Жәбірленуші жағы істелінген қылмысқа (жанға-жан, қанға-қан, көзге-көз секілді) орай жаза қолдана алған. Өлім жазасы көбіне таспен ұрып өлтіру,

дарға асу, басын шабу, т.б. жолдармен орындалған. Ал үшінші топта отбасыға қатысты істер қаралған.

Жалпы, ислам дінінің, шариат нормаларының да көшпелі қазақтардың заң кодексі болған «Жеті Жарғыға» да ықпал еткені анық. Академик С. Зиманов пен шығыстанушы заңгер ғалым Н.Өсеров бұл жөнінде былай дейді: «Кейбір шариат тәртіптері әдет-ғұрып нормаларымен астарласып, күшіне бірте-бірте ене бастады. Біз шариат заңдарының өлім-жітімге, құнға, ант беру, діннен безу, неке және отбасы дәстүрлеріне, сенім-нанымдарына араласып, әсері тигенін айта аламыз».

Шариаттың фикһ ілімі ерекше назар аударарлық. Ғалым Нұралы Өсеров сөзімен айтсақ, «Фикһ – түсінік, білім, ғылым, кейіннен хұқықтану – мұсылмандардың азаматтық тұрмыс-тіршілігіне қатысты қағида-ережелер деген ұғымды білдіреді екен. Бұл ілімді түрлі дау-дамай, талас-тартысты шешетін сот, заңгерлер, қазылар өте жақсы игерулері тиіс. Ертеде қазақ билері өз халқының әдет-ғұрып нормаларын ғана емес, осы шариат заңдарын да жетік білген».

Мәселен, Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбай ел ішіндегі әңгімелер бойынша жер мәселесін өз пайдасына шешу үшін шариат заңдарын шебер пайдаланған. Кейіннен бұл деректерді М.Әуезов әйгілі «Абай жолы» эпопеясында Қодар төңірегіндегі сюжет желісінде жүзеге асырған. Үкім, шешім шығарарда шешендік өнерге сүйенген қазылар даугерлер жағы қисынға тоқтайтын уәжді дәлелдемелер келтіріп, әдемі тілмен әспеттеген.

Қазіргі күні жазаның түрлері мынаған саяды: 1) айыппұл салу; 2) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) түзеу жұмыстары; 5) әскери қызмет бойынша шектеу; 6) бас бостандығын шектеу; 7) қамау; тәртіптік әскери бөлімде ұстау; бас бостандығынан айыру; 9) өлім жазасы. Сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай қосымша жазалар бар: 10) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 11) мүлкін тәркілеу, т.б.

Жазаның мақсаты түпкілікті әлеуметтік нәтижелерден туындайды. Оған жазаны қолдану мен жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады. Жазаның мақсаттары мынадай: а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Ол кінәлі адамға жазаны қолдану қылмыстық әрекет жасау нәтижесінде бұзылған жеке және қоғамдық мүдделерді қалпына келтіруді және қол сұғу объектісіне келтірілген зиянды өтеуді білдіреді. ә) Сотталушыны түзеу. Бұл мақсат кінәлінің теріс бағдарын өзгертуге бағытталған. Егер адам басқа жаңа қылмыстар жасамаса және қылмыстық заңның сақталуының қажеттілігін сезіне бастаса, түзеуге қол жеткізеді. б) Жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу. Бұл мақсатқа әрбір нақты қылмыс үшін қылмыстық жауапты бекітуді және жаза тағайындау мен оның орындалуын бұлтартпауды қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жазамен сескендіру адамдардың санасы мен әрекетіне әсер етеді.

**Елеужан СЕРІМОВ,
Қарағанды-Сұрыптау
станциясындағы желілік
полиция бөлімінің (ЖПБ)
ІжСКБ-нің жетекші маманы**

Халықаралық волонтерлер күні елордада «Жыл волонтері» сыйлығының жеңімпаздары марапатталды. Бұл сыйлық 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен тағайындалды. Ол әлеуметтік бағыттағы және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан еріктілерге беріледі.

Биыл 42 ерікті мен волонтерлер ұйымы жеңімпаз атанды.

Марапаттау рәсімінде «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов волонтерлер коронавируспен күрес кезінде, Арыстағы, Мақтааралдағы, Әуликөлдегі, Екібастұздағы оқиғалар барысында алғашқылардың бірі болып көмек көрсеткенін атап өтті.

«Волонтерлердің қызметі шынайы патриотизмнің көрінісі саналады. Олар – кез келген қиын жағдайда көмек қолын созатын мейірімді жүректің иелері. Қазақстандағы волонтерлік қозғалыстың белсенді жұмыс істеуі – кемел қоғамның келбеті», – деді Асхат Оралов.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің айтуынша, биыл волонтерлерді қолдау мақсатында 255-тен астам шағын грант табысталды. «Мейірімділік пен қамқорлық – халқымызға тән қасиеттер. Бүгінде елімізде волонтерлер қозғалысы тұрақты дамып келеді. Волонтерлерді ынталандыру және құқығын кеңейту бойынша шаралар қабылданды. Волонтерлік қызметті қолдау стандарттары әзірленді», – деді министр.

Сөйтіп, «Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуге белсенді қатысқаны үшін» номинациясы бойынша «VITA» Павлодар қаласының іздеушілері» ұйымы



Суретті түсірген Әлі ҒАЛЫМ

марапатқа ие болды. Ұйым басшы Екатерина Кудрявцеваның айтуынша, бұл сыйлықтың мақсаты – волонтерлер қозғалысына мүмкіндігінше көп адамды тарту.

«Ұйымымыз жүзден астам адамды іздеп-тапты. Олардың арасында балалар да, ересектер де бар. Талай адамның алғысын алдық. Туыстары мен достары ризашылығын білдірді. Қоғамға

пайдамыз тисе екен дейміз. Жақсылық жасағымыз келеді. Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеумен қатар, волонтерлеріміз қайырымдылық жұмысымен де айналысады», – деді ол.

**«AMANAT» партиясының
баспасөз қызметі**

Ә АДЕП

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ КӘСІБИЛЕНДІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ПРОГРЕССИВТІ ҚАДАМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Басқарманың міндеті – мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қалыптасуын анықтау және алдын алу; мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика саласындағы бірыңғай саясатты әзірлеу; мемлекеттік қызметшілерге әдептілік бойынша білім беру бағдарламаларын жүргізу; адамгершілік жағдайын бақылау және т.б.

Ал Канадада 2000 жылы мемлекеттік қызмет этикасының дамуына байланысты мемлекеттік қызметтегі жоғары лауазымды тұлғалардың бірлестігі құрылды. Ол шенеуніктердің моральдық-этикалық принциптерінің жиынтығын әзірледі. Жаңа Зеландияда этикалық бұзушылықтарды Мемлекеттік қызмет жөніндегі комиссия, бас аудитор және полиция қарастырады, олар бұзушылықтарды тексеріп қана қоймай, сонымен қатар осы әрекеттерді бақылау үшін ережелерді жасайды.

Біздің елімізде де мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық нормаларын сақтауына жіті көңіл бөлінеді. 2000 жылы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері қабылданған болатын. Сол кезден бастап аталған нормалар тәсілдеу бағдарламасына да енгізілді. Іскерлік этика туралы заңнаманы жетілдіру мақсатында ел Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Жаңа әдеп кодексі қызмет этикасының стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық сапасын қалыптастыруға негіз болады. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді: адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету; адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас; әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына

қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілікке байланысты адамдарды кемсітуге жол бермеу; ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету; сыбайлық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау; клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарын толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, жолданымдарды қарау кезінде төрешілік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Осы ретте «клиентке бағдарлану» сияқты тұжырымдаманы ерекше атап өткім келеді. Бұл әдеп кодексінің алдыңғы редакцияларында болмаған маңызды жаңалық. Кодекстің тағы бір жаңалығы – мемлекеттік қызметшілер өтірік уәде бермеу және қызметтік міндетін орындауға байланысты кез келген сипаттағы заңсыз міндеттемелерді қабылдамау туралы талап.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап этикалық құқық бұзушылықтың алдын алуды жүргізетін және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын бақылайтын Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. 2017 жылдан бастап орталық атқарушы органдардың аппараттарындағы, сондай-ақ облыс, республикалық маңызы бар қалалар және Астана әкімдері аппаратындағы бұл лауазым басқа функциялардан босатылып, бөлек штаттық бірлік ретінде енгізілді.

Ережеге сәйкес, Әдеп жөніндегі уәкілдің рөлі мен қызметі – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық нормаларын сақтауын, олардың жауапкершілігінің артуын, ұжымда және қоғамда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалардың сақта-

луын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар мүдделер қалыптасуы туындаған жағдайда, этикалық сипаттағы жағдайларды шешуде кеңес алу үшін Әдеп жөніндегі уәкілге хабарласа алады. Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілерге ҚР мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайда консультация береді. Мемлекеттік қызметшілердің заңды мүдделерін қамтамасыз етеді, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолданады.

Расында да, тиімдірек болуы үшін құқық бұзушылықтың, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын бұзуының алдын алу үшін тиісті шаралар бірінші кезекте мемлекеттік органның өзінде қабылдануы тиіс. Ал ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуал, әріптестер арасындағы достық қарым-қатынас әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмысына оң әсерін тигізіп, мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттырады. Бұл ретте, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын сақтауын қадағалау мақсатында түрлі іс-шаралар, соның ішінде анонимді сауалнамалар жүргізіледі. Аноним қатар, Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілер заңнаманы бұзған жағдайда құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдайды, оларды жою жөнінде мемлекеттік орган басшылығына ұсыныс енгізеді; заңнаманы бұзудың алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.



Ғалым ТҰРСЫНБАЕВ,
Қызылорда облысы Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы

Көріп отырғанымыздай, әдеп жөніндегі уәкілдің дербес лауазымының енгізілуі – заман талабы ғана емес, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру жолындағы прогрессивті қадам.

1997 жылдың 12 қарашасындағы Үкімет қаулысымен облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жанынан тәртіптік кеңестер құрылған болатын. Аталған кеңестер 2005 жылдан бастап Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қарамағына берілді. Тәртіптік кеңес функциясына бірінші кезекте құқық бұзушылық жасаған мемлекеттік қызметшілерге және мемлекеттік функцияларды орындауға теңестірілген адамдарға қатысты жеке істерді қарау және оларға қатысты тәртіптік шараларды қабылдау кіретін.

2016 жылдан бастап Тәртіптік кеңестер Әдеп жөніндегі кеңес ретінде қайта құрылды. Бұл жай ғана атауды өзгерту емес, бұл жұмыстың мазмұнына айтарлықтай өзгеріс енгізу, жасалған құқық бұзушылық үшін жазалаудан құқық бұзушылықтың алдын алуға баса мән беру болып табылады. Біздің елімізде этикалық нормаларды бұзу фактілерімен күресу, мемлекеттік аппаратта мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін құқық бұзушылықтардың алдын алу Әдеп жөніндегі кеңестердің негізгі міндетінің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың, оның ішінде мемлекеттік

қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу; мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтау жөніндегі жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау – Әдеп жөніндегі кеңестердің міндеті. Сонымен қатар, кеңестер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелерін, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының қызметін қарайды. Бұл қазіргі мемлекеттік саясаттың мақсаты – мемлекеттік қызметкерлерді жазалау емес, алдын алу шараларын қолдану екендігінің тағы да бір көрсеткіші.

Әдеп жөніндегі кеңес институтына БАҚ өкілдерінің, партия мен қоғам өкілдерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, депутаттардың қамтылуы бұл институттың ашықтығы мен жариялылығын көрсетеді. Агенттіктің әдеп жөніндегі кеңестері өз қызметінде жариялылыққа, жүйелілікке және профилактикалық бағытқа баса назар аудара отырып, мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасында жеткілікті беделге ие болды.

Ашықтық қағидатын қамтамасыз ету үшін кеңес отырыстарына азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылады. Әдеп жөніндегі кеңестің әрбір отырысы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланады. Ал бұл өз кезегінде құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мемлекеттік қызметшілердің санасына профилактикалық ықпал ету әдісі де болып табылады. Кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін анықтаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар заң бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен факторларды жоюға бағытталған ұсынымдар береді, заңнамалық деңгейге ұсыныстар енгізеді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің нормаларын қатаң сақтау халықтың жалпы мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттырады. Бұл кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың таптырмас шарты.

Жалпы, Әдеп жөніндегі кеңес пен Әдеп жөніндегі уәкіл институттары бір-бірімен тығыз байланысты, екеуі де мемлекеттің бір тұтас саясатын жүзеге асырады. Ал осы екі институттың ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолының бірі және мемлекеттік аппарат жұмысының табысты болуының кепілі.

БЕЗБЕН

АЖЫРАСУ ОҢАЙ, АҚЫЛҒА КЕЛУ ҚИЫН

Тіркеуші органдарда некені бұзу көмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылар некені бұзуға өзара келіскен кезде, бір-біріне мүлік және өзге де наразылығы болмаған жағдайда жүргізіледі. Ол үшін тіркеуші органға ерлі-зайыптылардың екеуі де келіп арыз беру керек. Бірінші шақыруға жұбайдың біреуі келмеген жағдайда, оның нотариалдық келісімін әкеліп, екінші рет арыз беру мүмкіндігі бар.

Тіркеу мекемесінде некені бұзуға төленетін мемлекеттік баж салығы 6 126 теңге болса, сотта арыз беру 951 теңгеге ғана айналады. Сондықтан екі жұбайдың келісімі бар жағдайда да, артық шығын шығармау мақсатында арызды сотта қаралуын талап ететіндер бар. Басқа мемлекеттерде некені бұзу оңайға түспейді. Сондықтан уақытша тұратын шетелдіктер арасында біздің мемлекетте ажырастыруды сұрайтындары бар. Ажыраса салу оңай болмау үшін, жұбайлардың некеге деген жауапкершілігін арттыру мақсатында осы екі мемлекеттік баж теңестіріліп, қомақты болу мәселесін қарастыру керек.

Жалпы, екінші жұбайының некені бұзуға келісімі болмаған немесе көмелетке толмаған баласы болған кезде, неке бұзу сот тәртібімен жүргізіледі. Бүгінде көмелетке толмағандар құқығын қорғау жөніндегі комиссиялар жұмысы қалыптасу кезеңінде. Осыған байланысты, соттар белгілі бір дәрежеде отбасы ыдырауының алдын алуда үйлестіруші рөл атқарады, 2018 жылғы қыркүйектен бастап Жоғарғы Сот елімізде «Отбасылық сот» пилоттық жобасын іске қосты. Оның мақсаты некені сауықтыру және сақтау жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Бұрын соттар отбасы ыдырауының салдарымен ғана жұмыс істеп, мүлікті бөлу, балаларды тәрбиелеу, олардың тұрғылықты жерін анықтау туралы құқықтық дауды шешті. Ал отбасына көмек әлеуметтік және психологиялық себептерге байланысты отбасылық дағдарыстың басталуының алғашқы кезеңдерінде көрсетілуі керек.

Пилоттық жоба аясындағы жұмыс АХАТ бөлімдерімен бірлесіп жүргізіледі. Соттар жа-



Гүлнар ЖАППАРОВА,
Астана қаласы сотының судьясы

нынан психолог, әлеуметтанушы, нарколог, теолог, жангерлердің неке-отбасы заңнамасы саласындағы кеңесі ұйымдастырылып, қажетті көмек алуға мүмкіндік жасалуда. Жобаның міндеті отбасында жанжалдың туындау себебін анықтау. Жұмыс қорытындысы бойынша отбасының тұрақтылығына әсер ететін негіздерге талдау жасалады және профилактикалық жұмыс, оның ішінде АХАТ органдарында некеге тұрған адамдармен даусыз қарым-қатынас құру тренингтері; дауға жол берген жұбайларға татуластыру рәсімін жүргізу; қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп жұмыс істеу; жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша қорытынды шығару жүзеге асырылады.

Отбасылық жанжалдармен жұмыс істеу күрделі және жобаға қатысқан қызметкерлерден атсалысуды талап етеді. Ата-аналармен бірлесіп балалардың құқығын, ерлі-зайыптылар мүддесінің тепе-теңдігін барынша сақтау жөнінде ұсынымдар әзірлеу; жанжалдың балаларға әсерін түсіндіру, отбасында даусыз өмір сүруге үйрету; оларды шешуде психолог, медиатордың рөлі мен міндетін

түсіндіру; неке шартын жасасу мүмкіндігі; жанжал деңгейін анықтау, осы отбасы үшін қажетті көмек көлемін және одан әрі жұмыс тактикасын айқындау; тараптармен сотта татуласуға бағытталған тікелей жұмыс. Тәжірибе көрсеткендей, отбасын кешенді тәсілсіз сауықтыру мүмкін емес. Ал мұндай отбасының татуласуы уақытша ғана нәтиже береді. Осыған байланысты судья жанжал деңгейін анықтауда алғашқы әңгімесін психологтың қатысуымен, ал мүліктік дау бойынша медиатордың қатысуымен өткізеді.

Отбасылық даулар бойынша татуласу көп еңбекті қажет ететін процесс. Іс сотқа түскен алғашқы бес күнде ерлі-зайыптыларды татуластыру, даулардың басқа санаттары сияқты, әрдайым сәтті бола бермейді. Сондықтан отбасылық жоба шеңберіндегі мұндай жұмыс алғашқы 20 күн ішінде отбасылық психологтар мен медиаторлардың қатысуымен жүргізіледі. Бұған дейін, істі қарау өтініш түскен сәттен бастап 1 айдан кейін тағайындалып, бұл мерзімде жұптармен жұмыс жүргізілмейтін болған.

Ал жоба шеңберінде сот 3 айдан 6 айға дейін татуласу мерзімін ұсынған жағдайда да, осы уақыт бойы татуласуға жәрдемдесу үшін медиатор, психологтармен бірнеше кездесу ұйымдастырады. Бұрын татуласу мерзімін белгілей отырып, сот осы уақыт ішінде тараптардың өздеріне уақыт берген болатын. Отбасын сақтап қалу мүмкін болмаған жағдайда, сот осы отбасында болуы мүмкін басқа да дауларды жана істер туғызбай, онысы да күйзелісті жағдайда жүрген азаматтардың әртүрлі соттардың табалдырығында жүруінің алдын алып, бір істің өндірісінде бірнеше мәселе шешуге көмектеседі. Мәселен, елорданың төрт аудандық сотын бір «Отбасылық жобаға» біріктіру нәтижесінде биылғы тоғыз айда ғана неке-отбасы даулары бойынша 5 348 талапкер өтінішпен жүгінсе, оның ішінде тек 1 619 іс бойынша ғана талап-арыз қанағаттандырылған. Қалған 2 677 іс бойынша, яғни талаптардың 50%-ы тараптардың татуласуына байланысты бітімгершілік келісімдер жасалып немесе арыздарын кері қайтарып алған.

Психологиялық консультациялар тағайындалған тағы 1 052 талап-арыз қарауда тұр, тараптардың қалауы бойынша отбасында өзара түсіністікке негізделген үйлесімді қатынастар құруға бағытталған топтық тренингтер өткізіледі. Сонымен қатар, жоба отбасындағы басқа ықтимал дауларды шешу үшін алдын ала жұмыс істейді. Бір дауды қатар шешкен кезде тараптарға басқа да мәселелер бойынша көмек көрсетілді: балалардың тұрғылықты жерін анықтау, ата-аналары бөлек тұрған жағдайда ата-ана құқықтарынан одан әрі жүзеге асыру тәртібі және т.б. Нәтижесінде

ювеналды сотқа – 479 іс, оның ішінде алименттік міндеттемелер туралы – 311 іс жеткізілмеді. Жобаның қажырлы еңбегінің арқасында сотқа тағы 168 неке-отбасылық іс жеткен жоқ, олар сотқа бармай-ақ шешілді.

Пилоттық жоба нәтижесінде кешенді тәсілдің оңтайлы екенін көріп отырмыз. Егер барлық ресурстар бір ұйымда – жергілікті атқарушы органның жанынан құрылатын отбасы орталығына шоғырланған жағдайда қоғамдағы көптеген отбасыларды сауықтыру мәселесі іске асуы мүмкін болады. Қажеттілікке, проблемаға және жанжалдың дәрежесіне байланысты әр отбасы өзіне керек құқықтық, әлеуметтік, психологиялық көмек алады. Соттар мұндай мүмкіндікке ие емес және атқарушы органдарды алмастырмауы керек.

Істердің осы санатын қарау барысында отбасылық психологияны дамыту, отбасылық психологтардың бағытты мамандануын дайындау, оларға белгілі бір мәртебе беру қажеттілігі байқалады. Қазір әлемде психологтардың маңыздылығы мен рөлі дәрігер, мұғаліммен бір деңгейге қойылуы керек екенін мойындау қажет. Бұл туралы әлемдік жұртшылық алдағы он жылдың болжамдарына сілтеме жасай отырып мәлімдейді.

Отбасылық соттың құрылуы «бір терезеден» барлық отбасы мәселелері шешілуі қағидаты бойынша азаматтардың әртүрлі соттарға жүгіруін болдырмай, бір отбасының дауын бір іс шеңберінде шешуге мүмкіндік береді. Некені бұзу және мүлікті бөлу туралы даулар қазір жалпы соттардың соттылығында, ал баламен қарым-қатынас тәртібін анықтау, оның тұратын жерін анықтау ювеналды сотқа қаралады.

Психологтардың пікірінше, балаларға ата-анасының ажырасуынан басқа ештеңе соншалықты теріс әсер етпейді. Көмелетке толмағандармен жұмыс істеуге қатысы бар барлық органдардың өзара іс-қимылы бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған өзекті және әлеуметтік маңызды міндеттің бірі. Бұл тәсіл жастар арасындағы құқық бұзушылықтың төмендеуіне ықпал етіп, олардың құқығы мен мүддесін қорғаудың тиімділігін арттырады еді.

Отбасылық соттардың негізгі міндеті – некені сақтау, тараптардың бірінші пайдасына туындаған дау бойынша сот шешімін шығару, қылмыс жасаған көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдану ғана емес, сондай-ақ мұндай даулар мен қылмыстардың тиімді алдын алу, бұзылған жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының себебін анықтау керек. Сол арқылы өскелең ұрпақтың адамгершілік саулығын қорғау. «Ел болам десең, бесіңді түзе» деген осы.

ЕКІ КҮЙМЕК БІР ЖАНҒА ӘДІЛЕТ ПЕ?

«Үшінші күннің кешінде «Мұсақұл соғысы» аяқталды. Аяқтағанда, Құнанбай жеңе алмай, Жігітек болса қарсыласуға, белдесуге әбден жарайтынын көрсетіп аяқтады. Ардада он күн өткенде тобықты ішіне, дәл Құнанбай ауылына Қарқаралыдан он бес қазақ-орыс кеп түсті. Келген әскердің басы Чернов деген шенеунік. Қарқаралыдағы Майырдың тапсыруы бойынша, көрпістен осы шенеунік өзі шығыпты».

Жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында «Мұсақұл соғысы» кезінде екі жақтан ең кемінде мың-мыннан әскер шығыпты депті. Омбы архивіндегі Құнанбайға қатысты №3649 істегі бір құжатта Құнанбай қолының саны 800 кісі болған десе, бір қағазында 500 кісі деп көрсетілген. Бір жерінде 250 бас жылқыны айдап кеткен, екінші бір тұсында 253 бас депті. Құнанбай қолы он шақты адамға жарақат салған. Романдағы «Мұсақұл соғысы» жайлаудан қайтып, Шыңғыс асып, қыстау-қыстау үстінде аз ғана аял етіп, пішен шапқызып болған ел енді күзекке беттеп келе жатқан кезде өткен. Қарқаралы округтік приказның архивтік дерегіне сай «Мұсақұл соғысы» туралы Күшік-Тобықты болысының казактары Ералин, Қотанбұлаков, Айтиев тамыз айында приказға шағымданған. Құнанбай Өскенбаев пен Байке Мырзатаев өздерінің старшиндарымен бірге 800 кісіден тұратын қолмен шабуыл жасап, болыстарын тонаған, жылқыларын қуып кеткен. Сонымен, «Мұсақұл соғысы» туралы романдағы сөзбен архивтегі деректер үйлесіп, қабысып тұр.

Қазакты әлі толық отарлап, жаулап алуға мұршасы келмей жатқан империяға басында хорунжий Құнанбайдың бұл ісі Кенесары хан көтерілісінен де сұмдық көрінген. Сол себепті, даладағы соғыс туралы хабар алған Батыс Сібір генерал-губернаторы бірден Құнанбайды жедел қамауға алуға бұйрық берген. Романдағы жұлысқан майдан тарқаған, қол қимылы басылған соң Құнанбай, әрине, өзінің енді тергелуші айыпкерге айналатынын түсінген. Ұққан, бірақ бұқпаған, қашпаған, округтік шақыртуымен Қарқаралы приказына өзі жеткен. Приказға Құнанбайды қамауға алу туралы генерал-губернатордың бұйрығы әлі жетпеген уақыт. Архивтік дерекке сай Құнанбай 9 қыркүйектің түнінде Қарқаралыдан кетіп қалған. Қамауға алу туралы бұйрық жеткенде жана сайланған аға сұлтан Құнанбайды алып келуге жұмсаған бір орыс казак, бір казак оны ауылынан таба алмай қайтқан. Билік Құнанбайды алып кел деп енді заседатель Красускийді қарулы қолмен Шыңғыстауға жұмсайды. Құнанбайдан жауап алып, куәлермен беттестіру үшін оны Омбыға жібермей Қарқаралыда гауптвахтада ұстауға шешім қабылданады. Округтік приказ Қарқаралының әскери отрядының қол-

басшысына Құнанбайды гауптвахтаға жібергенде, Құнанбай наукастанып келгендіктен әскери лазареттің дәрігері арқылы оның денінің саулығын тексеруді ұсынады. Егер Құнанбайдың жағдайына қарай гауптвахтада ұстауға болмайтын болса, лазаретке жіберуді сұраған.

Романда көрсетілгендей Құнанбай ауылына Қарқаралыдан он бес казак-орыс әскерін бастап келген Чернов деген шенеунік емес, Қарқаралы приказының заседатели Красуский болатын. Бұл тарихи факт. Көркем шығармада әр оқиғаның сюжетін, өтер жерін, керекті кейіпкерлерін, олардың есім-сойын таңдау автордың шығармашылық еркіндігінде. Біздің пайымдауымызша, жазушыға омбылық шенеунік Черно-втың бейнесі роман сюжетін дамыту, гүлдендіру үшін қажет-тін. Роман «Абай»-деп аталған соң басты кейіпкерді сахнаға алып шығу үшін, оның әкесі Құнанбайдың ұлықтық жолын қолдан қысқарту қажет болды. Сол мақсатта автор Құнанбайдың қырық жылдық құқықтық қайраткерлік ісін, қызметін қысқа қайырып тастаған. Әуезовтің суреттеуінде Құнанбай Омбыдағы билік алдында өзін ақтап алу жолында Қарқаралыдағы жанашыры Алшынбай сияқты кісілерді іске қосады. Омбыдан келген шенеунік пен көмейі кең Майырға берер параны саудагер Тінібектен алған соң, Құнанбай Мәкіш деген қызын Тінібектің баласына атастыратын болды. Омбыға апара жатқан тергеу қағаздарын Керекуде Майыр жалған өрт салып құртады. Сондай жолдармен ақталған Құнанбай аман-есен Қарқаралыға қайтқан. Бұл жазушының өзіндік көркем шешімі еді. Ал, анығында Құнанбай абақтыдан қалай шыққаны жайлы шындықты жеткізер ресми дерек архивте «мен мұңдалап» өзіне сөз берілер мезетті күтіп жатқан екен.

Сыр ұшығын сөз шығарады. Архивтік іс ресми стильде жазылғанымен, кез келген мәтін ішінде бейнелі, айшықты, айбарлы, астарлы сөздер жүреді. Ұлық құжатының тілі «жасынан түсін билеп, сыр бермеген» болса да, көп сөздің ішінен адаспай, тура іздеген кісі керегін тауып алып, құжат сырын аша алады. Архив Құнанбай Күшік-Тобықты болысына қарайтын Көтібақ және Жігітек руларының казактарына шабуыл жасады деген айыппен 1853

жылдың қарашасында Омбыға жеткізіліп қамауға алынып қыс бойы көктемге дейін абақтыда отырғанын растайды. Жаз жіберіп, жан берген қара жерге, рақметіне Алланның көңіл сеп-нер. Әрине, Құнанбай да Алланың рақметін күтті, сенді. Қара тастан басқаның бәрі жадыраған жазғытұры Құнанбайға да оған деген құданың жарлығы жетті.

Омбы қаласында Құнанбай мен Майбасар Өскенбаевтардың ісін қайта тергеуге жіберу туралы шешім қабылданады. Бұл шешім жалпы шекара басқармасының 1853 жылдың 23 қараша мен 9 желтоқсан аралығындағы №100 журналында жазылған. Іс заң бойынша ерекше шенеунікке тапсырылуға жататын болған соң, оны тағайындау Батыс Сібір генерал-губернаторының құзыретінде еді. Алдын ала тергеуді жүргізген шекара басқармасының ассессоры Сухомлинов генерал-губернатор Г. Гасфордтың бұйрығымен іс өндірісінен шеттетілген. Кеңсе кағаздарын қарасаныз, Құнанбай мен Майбасардың ісін қайта тергеуге жіберуге, тергеушіні ауыстыруға заңды және негізі мықты себеп бар екен. Ол себептің аты – «извет» Ресей империясында XVII ғасырда әрбір адам дайындалып жатқан мемлекеттік қылмыс туралы хабарлауға тиіс-тін. Мемлекеттік қылмыс – патшаның жеке басына қарсы бағытталған, өміріне қауіп төндіретін қылмыс. Қылмыскердің отбасының мүшелері қылмыс жайында хабарлауға тиіс болатын, дер кезінде хабар бермеген жан өлімге бұйырылған. Қастықпен жазылған, дәлелденбеген «извет» үшін автор қатал жазаланған. Уақыт өте келе «извет» өтірік арыз жазу әдеті қазақ халқына жетті, ел қаскүнемдікпен басқаға жала жауып, өздерін құтқармаққа көшті.

Өзін құтқармақ ісінде құдай тағаланың өзіне жала жабуға баратын надан жұрт Құнанбайды неге аясын. Аға сұлтандыққа 16.07.1849 жылы тағайындалған Құнанбай үш жылдық мерзімі біткенде 31.10.1852 жылы орнынан түседі. Құнанбайды келесі үш жылдық аға сұлтандық сайлауға қатыстырмас үшін оны қаралаған шағымдар Омбыға 1850 жылдың желтоқсанынан бастап жолдана бастапты. Абайдың «Үшінші» қара сөзі тура өзінің әкесі Құнанбайдың басынан өткерген хикметті сипаттаған: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады»

ТЕМІРҚАЗЫҚ



деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание – тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындалп қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені».

Аға сұлтан Құнанбай өз басын құтқармақ үшін жамандарға жалынбапты, амал, айла-шарғыға бармапты, ақырында заң алдында өзінің кінәсіз екендігін, ісінің түзу болғандығын дәлелдеп шығады. Біздің бұл пікірімізді Батыс Сібір бас басқармасы кеңсе басшысының 1854 жылдың 16 маусымындағы хатының сөздері бекітеді: «Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбай мен болыс Майбасар Өскенбаевтардың үстінен түскен өтірік арыздар толық терексірілмеген, кейбірі тіпті, зерттелмеген. Іс заңдылықты сақтай отырып қайта тергелуге жатады». Хатта Құнанбаймен қатар Майбасардың да аты жүр. Құнанбай мен Майбасар бұл уақытта қызметтерінен кетсе де, хатта екеуінің де бұрынғы лауазымдары көрсетілген. Ресми әкімшілік құжатта Өскенбаевтардың биліктік ақтарының жазылуының себебі хатта қолданылған «извет» терминінің біз жоғарыдағы жазған құқықтық мән-мағынасында жатыр.

Кәдімгі әкімшілік лексикада бар өтірік, жалған, өсекті қылмыстық заңнамаларда таңбалайтын «донос», «клевета», «наговор» орнына байырғы державалық «изветы» терминін төрге шығаралық. Сірә, кеңсе меңгерушісі сауатты, әділдік ісінің алды-артын байқарлық білімі-ғылымы бар ұлық болар. Үйткені, көне «изветы» екі-үш ғасыр бұрын тілде жүрген сөз ол уақытта үкімет құжаты түгіл, көркем

әдебиеттің өзінде де сирек қолданылатын. Іс бойынша қабылданар шешімге жауапты ұлықтар «изветы» деген бір-ақ сөзбен өздерінің құқықтық ұстанымдарын басқаларға қысқа да, нұсқа түрде анық, ашық, жария түрде жеткізіп бағыпты. Ұлықтың ұғымында, Құнанбай мен Майбасар Өскенбаевтар бұрынғы қызметтеріне генерал-губернатордың бұйрығымен тағайындалған. Екеуі де империя билігінің өкілдері. Сол себепті оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту – «Патшанын өзін тергеулі, сотты адам» деп табумен пара пар. Омбыдағы үкімет әскери-колоннальдық билік бізде толық орныға алмай жатқанда, империяға адал қызмет етуші казактарды өз қолдарымен ұстап беруге келіспеген. Құнанбай ісінде «корпоративтік», «коррупциялық» мүдделер мүлдем жоқ-тын, бұл істе таза империялық саясат, мемлекеттік көзқарас басшылыққа алынған.

Ұлықтың осы ұстанымын император Николай I өзінің 1854 жылдың 22 маусым күнгі жарлығымен растап, заңдастырып, бекітіп берді. Патша жарлығы бойынша Сібір казактарына қатысты қылмыстық істер санатына: «өздерінің руластарын үкіметке қарсылық көрсетуге шақыру, ресми билік заңмен белгілеген қағидаларға айқын бағынбау, қасақана кісі өлтіруді» жатқызған. Кеңсе басшысы хатында өтірік арыз беру арқылы наразы топ Құнанбайға емес, «үкіметтің өзіне қарсылық көрсетуге шақырып отыр» дегенді меңзеп отыр. Ұлықтар кеңсе архивіндегі құжаттарды зерттегенде, олар хорунжий Құнанбайдың сөзінің қарсылық көздері жетеді. Сол себептен, омбылық билік өтірік арыз бойынша «таза адамды талауға, тонауға жол жоқ!» деген қарар қабылдаған. Аққа құдай жақ! Аға сұлтан Құнанбай Өскенбаевтың үстінен 1850 жылы арыздардың растығына сенбеген Батыс Сібір генерал-губернаторы шағымда көрсетілген аға сұлтанның әрекеттерін «противозаконных будто бы» деп атапты. Яғни, арыз ісіне күмәнмен қараған. Расында да, губернатор негізді сезіктеніпті, 1854 жылдың маусымында өтірік арыздар қастықтан туған жала деп дәрежеленіп, іс қайта тергеуге жолданады. Қайта тергеу ұзаққа созылады, өтірік арыз бойынша басталған іс сот алдына бармаған, Құнанбайдың кінәлі екендігі сот үкімімен танылмаған. Сол себепті, романдағы Құнанбай да, ғұмырдағы Құнанбай да кінәлі емес деп есептеледі! Екі күймек бір жанға әділет пе?

Марат АЗБАНБАЕВ

✎

КӨЗҚАРАС

Қазақ – бір ауыз сөздің қадірі мен қасиетіне терең бойлай білген халық. Сондықтан болар, сөз сүйектен өтеді деп дана ата-бабаларымыз текке айтпаған. Расында сөздің қасиеті терең, өрісі кең, өресі биік.

Әр айтылған сөздің салмағы бар. Әр сөздің жұмсалы реті бар. Аузым бар деп сөйлей беру әдепті хәм арлы адамның ісі емес. Біз бүкіл ойымызды сөзбен жеткіземіз. Сананызға келген ой сөз болып тіліңізге түспес бұрын жүрек пен ақылдың сүзгісінен өтуі керек.

Соңғы уақытта әлеуметтік желіде ойланбай жазған бір сөзі үшін сотқа тартылып, істі болып жатқан азаматтар да жоқ емес. Бұл әрине, алаң тудыратын мәселе. Әсіресе, жастар үшін.

Әлеуметтік желіде «ерігіп» отырған олар, ойланбай жазған бір сөзі үшін өмір бойы опық жеуі мүмкін.

Қазір ақпарат тұтынушылардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмайды. Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көптеп тарайды. Қазақстан заңнамасына сәйкес, фейк ақпарат таратқандар жаза-



ланады. Десе де, көп адам мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын бейхабар. Қазақстанда жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК сомасындағы айыппұл төлеуден бастап, 7 жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза көзделген.

Сонымен бірге, Қылмыстық кодекстің 130-бабы бойынша, көпшілік алдында сөз сөйлегенде, әлеуметтік желідегі жазбасында немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жала жапқан адам 2000

АЕК көлемінде (шамамен 4 млн 538 мың теңге) айыппұл төлейді немесе осы айыппұл көлеміне тең түзету жұмысына тартылады. Болмаса, 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Ал осы кодекстің 131-бабына сәйкес қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіткен адамға сот 200 АЕК көлемінде (453 800 теңге шамасында) айыппұл сала алады. Немесе, 180 сағатқа тең қоғамдық жұмысқа тартылады. Айыппұл төлей алмаса, айыппұл құнына пара-пар түзету мерзіміне кесіледі.

Адамның жеке және отбасылық құпияларын заңсыз жария ету де қылмысқа жатады. Сол бойынша 147-бапқа сәйкес өзінің лауазымын пайдалана отырып, жеке адам туралы және оның отбасы туралы мәліметтер жинаған, отбасының құпиясын бұзған адамға Қылмыстық кодекс бойынша 5 жыл түрме жазасын кеседі. Бұндай қылмыс жасаған азаматтар сол лауазымды 2-5 жыл уақытқа дейін атқара алмайды. Ал, құпияны жинап қана қоймай, жария еткен (әлеуметтік желі арқылы да) адам 7 жылға сотталуы әбден мүмкін.

Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі түрде зиян келтіру қаупін төндіретін жалған ақпарат таратқаны үшін адам

ӘР СӨЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР

5000 АЕК көлемінде (11 млн 345 мың теңге) айыппұл төлейді немесе осы айыппұл көлеміне тең түзету жұмысына тартылады. Болмаса, 2 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айырылады.

Кейде біз аңдамай сөйлеп, жаза басып, ісімізге өкініп жатамыз. Олай болса, тек «Жақсы сөз – жарым ырыс» қана жақсы іске ұласаты, тіл табысуға, нақты нәтижелер мен жетістіктерге алып келетіні ақиқат. Ұлы Абай айтқандай, «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады». Ендеше естілік қана елдігіміздің кепілі. Сонда ғана адам мен адам, халық пен билік сөз табысып, араларында түсіністік пайда болып, этносаралық, дінаралық және қоғамдық келісім қалыптасады, тыныштық орнайды.

Қорыта айтсақ, көреген халқымыз: «Ауыр істің салмағы билекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» дейді. Сөздің салмағы қорғасыннан да ауыр екенін әсте естен шығармаған абзал. Өйткені, жүрекке түскен жүктің жеңілдеуі оңай дүние емес, әр сөздің жауапкершілігі бар. Сондықтан аңдамай сөйлегеннен көрі, әрбір сөзді, жазбаны ақылға салып, ой елегінен өткізіп барып, әрекет жасаған жөн.

РАҚҚАСЫНОВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖЕДЕЛ ШАРА

«МИФ» БАТОНЧИКТЕН ЕСІРТКІ ТАПТЫ

Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №72 мекемесінде (Тергеу изоляторы) «Миф» атты қызметтік иттің көмегімен ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабы бойынша адам тонағаны үшін сотталған Аян атты тұтқынға арналған сәлемдеменің ішінен есірткі табылды.

«Қазпошта» арқылы жіберілген батончик конфетінің қағазына оралған есірткі ұнтағы арнайы сараптамаға жіберілді.

Аталған мекеменің режим бөлімінің қызметкерлерімен бірге сәлемдемелерді тексеруге қатысқан «Миф» Ішкі істер министрлігінің кинология орталығында арнайы дайындықтан өткен ит.

Ал, бұрын да адам тонағаны үшін сотты болған Аянға сәлемдеме жіберген Алматы қаласының тұрғынына қатысты алдын ала тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Гүлнар ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ

БАСҚОСУ

«OZ PIKIRIM» – ДИАЛОГ АЛАҢЫ



Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемесінде көмелетке толмаған жазалы жасөспірімдері Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, «Ashyq Alan» жобасы аясындағы «Social project managment» орталығы қоғамдық қорының өкілі Қ.Қарабаевтың ұйымдастыруымен «Oz pikirim» атты диалогтық кездесу өтті.

Шара қонағы – боксшы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық спорт шебері, жаттықтырушы Ермахан

Ыбырайымов болды. Тағылымы мол пікір алмасу барысында жасөспірімдерге үлгі ретінде спортшы өзінің жүріп

өткен жолындағы тәжірибелерімен бөлісіп, шын талантқа ешқашан тұсау болмайтындығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, айналадағы әр құбылыс-тан салмақты ой түйіп, рухани өсіп, онымен байланыс жасау қажеттігін айтты. Жастармен диалог алаңында өз білім-білігін үлкен армандармен тоғыстырып, жүрген жерін рухани байыту керектігі де сөз болды. Жастардың ел қорғаны, үлкен тұлға болу қажеттігін де спортшы тілге тиек етті.

Ермахан Ыбырайымов өзінің бала-лық шағын, спортқа келудегі жолын, жеңістерін қызықты ғып әңгімелеп берді. Жасөспірімдердің спортқа байланысты қойылған сұрақтарына жауап беріп, көңілді кездесу өткізді. Жазалы жасөспірімдер өз ойларын ортаға салып, спортшыға барлық тақырыпта сұрақтар қойды. Кездесудің соңында келген қонақтарға тәрбие бөлімінің жасақ бастығы Бекзат Жаканов алғыс айтты, алдағы уақытта да осындай мәні зор мазмұнды кездесулер болатынын да жеткізді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
№11 мекемесі

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ

Пробация қызметкерлері есепке алынған сотталғандардың қайта қылмысқа бармауы үшін оларды жұмысқа орналастыруды басты назарда ұстайды.

9 АЗАМАТ
ЖОЛДАМА АЛДЫ



Осы орайда Қызылорда қалалық прокуратурасы мен қалалық пробация қызметінің ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» орталығында өткен «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне» пробация есебінде тұрған жұмыссыз сотталғандар қатыстырылды.

Жәрмеңкеге 23 жұмыс беруші мекемеден 75 бос жұмыс орны ұсынылды. Жұмыс беруші мекемелерден elektrik, слесарь, жүргізуші, есепші, аспазшы, тігінші мамандықтарына сұраныстар көп болды. Нәтижесінде пробация қызметінің есебінде тұрған 9 азамат жолдама алды.

«Пробация қызметі есепте тұрған сотталғандардың қайта қылмысқа бармауы үшін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, әлеуметтік-құқықтық, заңгерлік, медици-

налық, психологиялық көмектерді көрсетеді. Жеке кәсіп ашамын деген сотталғандарға құқықтық көмек көрсетіп, арнайы курстарды оқытуға да ықпал жасаймыз. Жыл басынан бері 79 сотталған тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрғандарды жұмыспен қамту мақсатында Қызылорда қаласы әкімдігінің қаулысымен жұмыс орындарына квота бекітілген. Есептегі жұмыссыз 48 адам квотамен жұмысқа орналас-ты»,–деді қалалық пробация қызметі бастығының орынбасары әділет ка-питаны Р.Сыздықов.

Қызылорда облысы
бойынша ҚАЖД

ӘРТҮРЛІ

2. Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотымен Теміртау қаласы, Металлургтер даңғылы, 13-41 мекенжайы бойынша тұратын Панченко Юрий Анатольевичтің арызы бойынша 23.07.1969 жылы туылған, РФ, Новосибирский облысы, Здвинский ауданының тумасы, жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша тұрған, жұмыс жасамаған Панченко Валерий Анатольевичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қаралуда. Панченко Валерий Анатольевичтің тұрған жері туралы билетін адамдардың үш ай ішінде сотқа (судья Л.Д. Токшылыковаға) хабарлауын сұраймын.

8. «Қазакзергер» АҚ (БСН 931040000164) 01.12.2022 ж. бастап бұрынғы мекенжайынан (заңды және нақты мекенжайы) басқа жерге ауысуы туралы хабарлайды: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 80 үй.

9. «МКҰ «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» заңының 7-бабы, 2-бөлігі, 1-тармағының талаптарына сәйкес, өзінің қарыз алушыларына заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: индекс 071500, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Қабеков көшесі, 16 үй.

13. «Іле корпорациясы» ЖШС, БСН 040740001238, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115 үй.

ТАРАТУ

3. «W1n Lombard» ЖШС (БСН 191140001447) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Жүргенов көшесі, 32, т.е. 2, тел.: +77089994101.

5. «Филиал Sügula K» ЖШС, БСН 220740001533, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Домалақ ана көшесі, 275/1 үй, п/и 080400.

6. «Ораз Ахун» қоғамдық қоры (БСН 160640017770) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы

хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі, 10 үй.

7. «Образовательно-интеллектуальный проект «Западный поток» ЖШС (БСН 200940032943) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ерімбет Қойшыбаев көшесі, 37 үй.

11. «СК «АстСтрой Групп» ЖШС, БСН 090240006715, (Астана қаласы, Есіл ауданы, 38-ші көше, 27 үй, 117 пәтер), өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, 38-ші көше, 27 үй, 117 пәтер. Тел.: 87013014965.

12. «МЕРКУРИ-ПЛАНЕТ» ЖШС, БСН 201240023476, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 42 үй, 73 пәтер. Тел.: 87013014965.

19. «Феррер Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170440002935, тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 113 үй, 301, пошта индексі 050026, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шағабутдинов көшесі, 45 үй, 44 пәтер. Телефон: +77777158880.

ЖОҒАЛТУ

10. «Шариф Металл» ЖШС-нің, БСН 100240022632, мөрі (құжаттар үшін) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Алматы қалалық соты және Алматы қалалық судьялар одағының филиалы, Алматы қалалық сотының судьасы Бақыт Мәлікұлына жұбайы

БАУБЕКОВА Анаргүл Әскерқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Баспасөз – 2023



Құрметті
оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921
ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының ұжымы «Алматы баспасөз басылымдарын тарату» мекемесінің директоры Мамырханова Салидатқа әкесі, журналист

АТШАБАРОВ Базарбектің

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetisaiya.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Койкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Милиция капитаны Олжас Абаев кабинетіне кіргенде күн шуағы бөлме ішін әлдеқашан жайлап алыпты. Кабинет іші тым-тырыс. Еден жуылмаған, кешегі аяқ іздері әлі жатыр. Капитан «П» әрпімен қойылған үш үстелдің төрдегісіне отырды да, шылымын тұтатып алды. Еңсені басқан қапырыққа қарамастан, капитан терезені ашуға асыққан жоқ. Бар ойын осы кабинет ішіне жинағысы келгендей, темекі түтінінен көз алмай біраз отырды.

«Тық-тық» деп есік қағылды.

– Кір!

– Рұқсат па? – деді әріптесі Коля.

– Кел, Коля.

Коля есікті сығырайтып ашты да, алдымен өзі, сосын жап-жас екі бозбаланы кіргізді. Екеуі де аппақ көйлек, көк шалбар, қайыс белбеу такқан. Екеуі де шаштарын «тақыр» үлгіде алғызған. Тек бастарындағы такиялары ғана әртүрлі. Алдымен адамның киіміне қарап танытын капитан бұлардың ерекшеліктерін бірден аңғарды.

– Міне, куәгер мен күдікті, – деді Коля екеуін нұсқап. Капитан «қандай күдікті?» дегендей Коляға қайта қарап еді, Коля;

– Осыдан үш күн бұрын орын алған өлімге... Молданың өліміне! – деді нақтылай түсіп.

– А-а-а, – деді капитан есіне әлдене түскендей.

Қыркүйек айының 3-күні сағат таңғы алты жарым шамасында қаладағы медресенің бірінде өлім орын алды. Құрбан болған азамат О.Х. 1970 жылғы. Сол медреседе он бес жыл бас ұстаз болып қызмет атқарған. Куәгерлердің айтуынша ұстаз таң намазын шәкірттерімен бірге оқып, әдеті бойынша дұға етуге қалған. Таң намазын аяқтай сала, ұйықтауға асығатын шәкірттері ұстаздарының денесін сағат сегізде болатын таңғы асқа шақыруға барғанда ғана көріпті. Өкініштісі сол, үш жерден пышақ жаракатын алған ұстаз шабуыл кезінде еш қарсылық көрсетпеген. Екі қолын тізесіне қойып, отырған күйі қанына бөгіп қалған. Дәл бір дұғасын аяқтай алмай, қалғып кеткен сияқты...

– Атың кім? – деді капитан бірінші тұрған жасыл такия киген куәгер шәкіртке.

– Атым З. – деді ол жүдеу жүзімен, бас сүйегіне кіріп кеткен құдықтай көздері шүңірейіп болар болмас сәуле шашады. Тергеуден әбден несі болғаны көрініп тұр.

– Сенікі?

– Менің атым А, – деді Қызыл такия кигені батыл. Бұл сәл толықтау келген, шадыр көз, етінен ет кесіп алсаң да былк етпейтін, тонмойындау екен. Бірақ капитанды таң қалдырғаны бұл емес.

Осыдан екі жылдай бұрын «жоғалып кетті» деген жиырма жасар жігіт үш ай іздеуден кейін жертөледен табылған. Тірі, өзіне төрт метр көр қазып алыпты. Жігіт ол әрекетін діни-сеніміне байланысты жасағанын айтқан болатын. Сонда оны жертөледен алып шыққанда, капитан қатты шошынған. Кісі емес әруақ. Терісі сүйегіне ілініп әрең тұр. Көздері ғана шоқтай жанып...

Күдікті сол жігітті есіне салды.

Капитан алдындағы «делоға» бір, екі шәкіртке бір қарады. Үстерінде қылы жоқ ақ шағала көйлек, пышақтың қырындай көк шалбар және сондай жаттанды тұр. Екеуін де мына таза киімдер болмағанда бір көрген адам көшеде жүрген бұзақылардың бірі деп ойлар еді.

Күдікті кеудесін толтырып, терең тыныстады. Тергеуе емес, кездесуге келген сияқты бейтарап. Бұның жасындағы жасөспірімдер ақша автоматын тонайды, ұрылық жасайды, қоғамдық тәртіп бұзады. Бірақ кісі өлтіруі сирек. Өлтірсе де көбіне жағдай үстінде жазатайым өлтіреді.

Жаңа Коля «күдікті» дегенде де, капитанның таң қалып отырғаны осы.

Капитан өзінің ішкі дауысына жұтылып бара жатқанын аңғарды да, есін жиып, орындыққа тіктеп отырды. Жұмысына келсе болды, осылай ішкі даусы сөйлей бастайды.

– Тергеу жасадыңдар ма? – деді капитан Коляға қарап.

– Иә, үш күн жасадык. Міне нәтижелері – Коля «тергеу қағазын» капитанның алдына қойды. Осы уақытта ана екеуі есік алдында тұрып қалған екен;

– Отырыңдар, – деді капитан диванды нұсқап. Екеуі де біріккен тәртіппен қолдарын тізесіне қойып, диванға жайғасып жатты.

– Терезені аша сал, – деді капитан қағаздарға үңіле беріп. Коля көк терезені ашты да, үш үстелдің біреуіне келіп жайғасты. Терезеден соққан салқын жел кабинет ішін жылдам жайлап, диванда



ПЫШАҚ ЖОҒАЛҒАН ТАҢ

отырған екі шәкірттің бетін қытықтап өтті. Капитан қағазға басымен кіріп кеткен...

КУӘГЕРДІҢ ӘНГІМЕСІ

Менің атым З. Жасым он сегізде. Үйде жалғыз баламын. Әкем қойшы. Өлгенде артымнан Құран бағыштасын деп әкем медресеге он бес жасымнан берді. Міне, биыл үшінші деңгейлі шәкіртпін. Бірақ өзім әу баста медресеге барғым келмеген. Тек әкемнің көңілін қимадым (кідіріс)

«Неге барғың келмеді?!» дейсіз бе? Неге екенін білмеймін. Маған тәртіп бойынша жүрген ұнамайды. Үнемі «жүр», «тұр», «іш», «же» деп біреу төбенізден төніп тұрса, сізге де ұнамасы анық. Ауылда емін-еркін ойнап, қалаған уақытыңда тамақ жеп, қалаған уақытыңда ұйықтап жүргенге не жетсін?! Таңғы бесте тұру, түнгі он бірде ұйықтау. Үш жыл өтсе де әлі үйрене алмай жүрмін. Тек сенбі күні ғана сыртқа шығарады. Оның өзінде бір туысқаның кепілдік болса ғана. Ал, менің әкем жыл он екі ай мал соңында. Жылына бір келсе келер, әйтпесе ол да жоқ. Сол себепті менің соңғы үш жылым кытай қорғаны секілді осы ескі сарайда өтіп жатыр.

– Медресені сипаттап беріңізші?

– Сипаттайтын несі бар? Соғыс кезінде азық-түлік сақтау үшін жасалған үш қабатты ескі ғимарат. Қабырғалары қалың, дәрбазасы темір. Кіріп-шығу тек рұқсатпен.

– Қанша шәкірт оқисыздар?

– Білмеймін. Шамамен екі жүздей.

– Жалғастыра беріңіз.

– Тысқа шығу қиынның қиыны. Тек тамақ тасуға ұстаздармен бірге базарға ғана болмаса.

Базарда мен неше түрлі тамақпен қоса, неше түрлі адамдарды көрдім. Бәрі еркін. Тіпті, күлген кезде де, түшкірген кезде де ешкімнен рұқсат сұрамайды. Бәрі бір-бірімен қалаған тілінде, қалаған жерінде сөйлесе береді. Әрине кейбіреулері жабайы, тым ерсі сөйлейді. Олар жаман сөйлегенде ұстаз бізге «құлақтарыңды басыңдар!» дейді. Сосын барып өтіп кеткеннен кейін, құлағымызды ашамыз. Ұстаз бізге «көрдiңдер ме, бұлар оқымаған!» деп олардан жиренуді үйретеді. Иә, олар жабайы шығар, бірақ ең бастысы олар еркін ғой. Шіркін, маған сондай еркіндік берілсе, мен оны дұрыс пайдаланар едім деп армандаймын іштей.

Мен ұстазды еркіндігімді шектемегені үшін жақсы көрдім. Қалай айтсам екен, ол үнемі мені аулаға ойнауға жіберіп тұратын. Кейде әжетхананы тазалап жатқанымда (әжетхананы тазалау маған міндеттелген) ұйқым келгенін көріп, мені ұйықтауға ертерек жіберетін. Тамақ ішкенде де, тоймай қалсам, ешкімге көрсетпей, артығымен салып беретін. Сөйте тұра өзі «барлығыңды бірдей жақсы көремің» деп айтатын. Бірақ меніңше ол мені ерекше жақсы көрген сияқты. Әйтпесе, осындай қамқорлық жасамас еді ғой.

Бізде тәртіп қатал. Ұстаз сөзі заң. Ережеге қанша бағынуға тырыссам да, қолымнан келмей қойды. Оған дәлел барлық құлшылықтарымды тек ұстаздан қорыққаннан ғана жасауым. Мен Құранды да, хадисті де жылдам жаттадым.

Ұстаздан бір рет болсын ескерту естіген емеспін. Бірақ солай бола тұра, мен әлі күнге дейін ішімде бұғып жатқан өз еркіндігімді аңсаймын. Мен әлі күнге дейін медресенің терезесінен басымды шығарып,

сыртта музыка қойып билеп жүрген өзім қатарлы балалардың өміріне қызығамын. Олармен сөйлесіп, тілдескім келеді. Не ойлайды, не біледі соның бәрін білгім келеді. Және ең бастысы еркіндік дегеннің не екенін сезінгім келеді. Шектеулер мен қамаудан әбден мезі болдым. Мезі болғаным соншалық, егер біреу маған медреседен қашуға көмектесе, мен тіпті соның жолына әкемді де қиып кетуге дайын болған кездерім болды (кідіріс).

Жана ғана ұстазды жақсы көремін деп айттым ғой. Иә, мен оны жақсы көремін әрі сондай құрметтеймін. Оның қазасы маған өте ауыр тиді. Тіпті, күтпедім десем де болады. Дәл сол таңда мен таң намазына оянбай қалдым. Өйткені, жалықтым деп айттым ғой. Кезекші де мені оятпаған. Бірақ күнделікті әдет бойынша, ұстаздың азан шақырған дауысынан оянып кеттім. Құлықсыз тұрып, дәрет алып, үшінші қабатқа шыққанша қалғандары намаздың бел ортасына келіп қойыпты. Енді екі рәкаттан кейін намаз аяқталады. Дәл осы сәтте, маған бір ой келді. Қашуға ұйғардым. Бәрі намаз оқып жатқанын пайдаланып, ақырын екінші қабатқа түсіп, асхана арқылы қашып кетуге болады. Бұл уақытта аспаздар да келмейді, күзетшілер де ұйқыда.

Осы жоспарымды іске асыруға бел байлап, екінші қабаттағы киім сөресіне бардым. Қатар-қатар тізілген сөрелерден өзімдікін тауып ап, лезде киініп алдым. Аяқ киімдерімді бір қорапқа салып, терезеден лақтырып жібердім. Ісімді аяқтап, енді шыға бергенімде, сөрелер бөлмесіне тағы біреу кірді, ол да мен сияқты асығыс көрінді. Жалма-жан бір сөрені ақтарды да, әлденені умаждап, тығып жатты. Сөйтті де жан-жағына назар салмастан, есіктен шыға берді. Алаң-еңдеде түр сұлбатын анық байқай алмадым. Бірақ тұлғасы мен жүрісің жазбай таныдым, бұл – анық А [күдікті]. А оң жақ аяғын сылтып бастатын. Және оның оң иығынан сол иығы аласа. Міне, сол белгілері А-ны жазбай тануыма еш кедергісін туғызбады. Бұл анық А. Ұстаздың өліміне себепкер де осы. Әйтпесе таң атпай кім асхананың білектей пышағын өз сөресіне жасырады?

А-ның гардеробынан асхана пышағын тауып алғаннан кейін, оның әлдебір жымсықы ойы бар екенін бірден сезе қойдым. Сөздім де, пышақты асығыс алып, өзімнің бос сөреме қоя салдым (себебі менің қашуым керек). Сөмкемді арқама іле сап, мысықтабандап, асханаға жақындадым. Ешкім жоқ. Тек темір ыдыстар ғана көзге болар-болмас шырмауытады.

Асхананың қак ортасынан өтіп, терезеге жеттім. Әрі қарай балкон. Балконға шықсам, түсу оңай. Бірақ маған осы сәтте тағы бір ой келді. Ой емес, күдік. Осы күдік мені кері қайтуға мәжбүрледі. Әйтпесе мен ұстаздың өлетінін алдын ала білді дейсіз бе. Бұл жерде менің екі қателігім бар; біріншісі пышақты көре тұрып, оның максатын ұқпағаным. Екінші қашуға мүмкіндік бола тұрып, қайтып келуім. Қайтып келгенімнің кесірінен мен бұл іске қатысты боп тұрмын. Себебі, мені дәл сол сәтте бас аспаз көріп қалған еді.

– Ол онда не істеп жүр?

– Тамақ жасауға келген де. Бізде таңғы ас сегізде.

– Ол сізден ештеңе сұрамады ма?

– Не істеп жүрсің деді. Мен жай, қыдырып жүрмін дедім.

– Болды ма?

– Болды. Сосын ол мені «күдікті» еткісі келді. Бірақ айғағы жеткіліксіз болды.

– А.-мен қарым-қатынастарыңыз қалай?

– Ол төртінші деңгейлі шәкірт. Бізден үлкен. Тек дәрісханаларда ғана кездесіп жүреміз. Былай жақын сөйлескен емеспін. Бізде бір-бірімізбен сөйлесуге рұқсат жоқ. – Сен еркіндігімді шектейді деп айттып қалдың. Әкеңе неге соны айтпадың?

– Мал соңындағы адам, бірдене түсінеді дейсіз бе? Оның үстіне менің осы уақытқа дейін діни білімнен басқа алған білімім жоқ. Ол жерден кетсем, барар жерім...

– Сіздің еркіндігіңізді шектеген кім, медресе ме, әкеніз бе? – Білмеймін. Бәлкім екеуі де. Бізге бұл жайлы «жан – тәnniң тұтқыны» деп түсіндіретін.

– Пышақты сосын қашан көрдіңіз?

– Аспазбен сөйлескен соң, қайта өз сөреме бардым. Сол жерден көрдім.

Бірақ бұл жолы ол қан боп тұрды. Менің алдымда ғана біреу қойған. Өйткені пышақтағы қан әлі жылы болатын. Мен пышақты алдым да, жүгіріп барып, асханадағы ыдыстардың арасына тастай салдым. Сосын қолымды жуып, өз төсегіме келдім. Көрпемді тас бүркеп, жатып қалдым. Мен оянганда бәрі ұстазды «өлді!» деп шуласып жатты.

– Сіз соңғы рет барғанда бас аспаз сізді көрді ме?

– Білмеймін. Көрсө көрген шығар. Мен асығыс болдым.

– Жаксы, рақмет!

Күдіктінің мәлімдемесі

– Жаксы, сіз сөйлемесеңіз мен сұрақ қояйын. Тек «иә», «жок» деп жауап берсеңіз болады. Таңғы сағат бес жарым шамасында гардеробта не істеп жүрдіңіз?

– Пышақ жасырдым.

– Оны қайдан алдыңыз?

– Асханадан.

– Дәл сол таңда алдыңыз ба?

– Жок. Түнде.

– Сонда пышақ сізбен түні бойы бірге болған ғой.

– Иә.

– Ұстазды да сіз өлтірдіңіз бе?

– Жок.

– Пышақты алған да сіз, жасырған да сіз, еңдеше өлтірген де сіз емес пе?

– Жок.

– Айтыңызшы, медреседе сізді болмаса қатарластарыңызды қинаған жағдай болды ма?

– Жок.

– Мына жігітті танысыз ба? [суретте бағана капитан ойлаған жертөледен табылған жігіт].

– Жок (түрi өзгеріп, тесіліп ұзақ қарады).

– Пышақты не үшін алдыңыз? [жауап жок].

– Біздің дерек бойынша сіздің екі ағаңыз болған. Екеуі де осы медресені тәмамдаған. Бірақ аяқтаған соң, ұшты-қуыл жоқ. Олар туралы мәлімет біздің базада жоқ. Сіз олардың қайда екенін білесіз бе?

– Жок.

– Сіз «Рандом» балалар үйінен келдіңіз, солай емес пе?

– Иә.

– Жаксы. Рақмет.

(Ескерту: Үш күн бойы, төрт сағат-

тан тергеу жасалды. Бар берген жауабы осы. Қалған уақыттары қаққан қазықтай орнында отырды. Және іштей әлдене сыбырлаумен болды.

Күдікті туралы мәлімет: *бұрын істі болмаған. Тұйық. Жоғары білімі жоқ. Медреседе ең үздік шәкірттердің бірі саналған. Қайтыс болған азаматпен ешқандай араздығы болмаған. Тінпті, танымайды. Оған дәлел: бірнеше суретті көрсеткен кезде марқұмды түстеп бере алмады. Басқа біреу өлтіріп, жала жауған болуы да мүмкін. Тексеруді талап етеді.*

Тергеушінің қолы)

Капитан мәлімдемені оқып болған соң, алдындағы екі шәкіртке тура қарады. Куәгер әлі көзі шүңірейіп, жағы суалып, қорқып отыр. Ал, күдікті болса өңменіңнен өтетін сұсты жанарларын капитанға қадап алыпты. Торғайға шапқалы тұрған жылан сияқты. Капитан енді аңғарды.

Мынау куәгер әлгі жертөледен табылған жігіттен аумаиды екен. Сол көздер, сол сұсты қарас...

– Медресеге қатысты қандай мәлімет бар? – деді капитан Коляға қарап.

– Заңды мекеме. Қайырымдылық қоры ретінде тіркелген. Салық төлейді, сақтандыруы бар. Соғыстан кейін еврейлер онда балаларға діни дәріс берген. Кейін қыздар жатақханасы, сосын пансионат болған. Қазір медресе.

Капитанның ойына тағы жертөледен табылған жігіт түсті. Ол да осындай тергеу кезінде ләм-мим деп жақ ашпаған. Дәл біреу мойнына жіп байлап, қуыршақ секілді төбеден басқарып отырғандай. «Бұлардың бәрі бір зауыттан» деді капитан іштей. Сосын дауысын біреу естіп қоймады ма дегендей айналасына қарады.

– Пышақты таптыңыздар ма?

– Жоқ. Іздестіріп жатырмыз. Аспаз ешқандай қанға боялған пышақ көрмегенін айтты. Жуылып кеткен ғой.

– Қылмыстық реквизи́т жоқ. Қалай қылмыскерді таппақсыздар?

– Енді куәгерлер...

Коля осылай деп ақтала беріп еді, жанындағы зіл батпан қара телефон шыр ете қалды. Коля тұтқаны оң құлағына апарды.

– Алло... Иә... Мен... Қалай дейсіз?... Жок.. Мүмкін емес... Иә... Түсіндім... Рақмет...

Коля телефонды құлықсыз қойды. Сұраулы жүзбен капитанға қарап:

– Қылмыскер табылды, — деді.

– Кім?

– Аспаз.

Куәгер бүйіріне ине сұғып алғандай басын қалт көтерді. Көзінде тандану мен тосырқау. Кудікті қалпын бұзбады, көздері жұмулы, еріндері әлденені күбірлеп отыр.

Капитан тағы бір шылым тұтатты. Ойлары жаңағы құдық көздерге батып бара жатқан сияқты... Шарасыз.

ҮШ АЙДАН КЕЙІН

Капитан екі қызын сабаққа шығарып салды да, диванға жатып, қор ете түсті. Түс көріпті. Түсінде қанға бөгіп, сатыдан жоғары көтеріліп бара жатыр екен. Аққан қанына өзі тайғанайды.

Телефон дауысынан оянып кетті. Телефон бетінде «Коля» деген жазу.

– Тындап тұрмын, Коля!

– Капитанның көңіл-күйі қалай?!

Коля санқылдап тұр.

– Мәз емес.

– Не болды?

– Жайсыз түс көрдім.

– Онда менде де жайсыз түс бар.

– Не болды?

– Осыдан үш ай бұрын біз «күдікті» деп тергеген екі шәкірт бар еді ғой.

– Иә.

– Солардың денесін бүгін сағат таңғы сегізде қаланың шетіндегі өзеннен таптық.

Капитанның құлағында атом бомбасы жарылғандай, шың ете қалды. Әлем түгіл өзін де естімейді.

– Соған экспертиза жасауға сенің көмегің керек. Жылдам кел.

Коля тұтқаны қоя салды. Капитан меңзен. Әлі тұр...

Әлдебір уақыттан кейін жалма-жан күздік пальтосын ілді де, баспалдақтан жылдам түсіп, такси тоқтатты.

Күздің соңы болатын...

Жантас ЕРКІНҮЛЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
 Шадияр Мек